

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ СОТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫ**

**«7М042 – Құқық» кадрларды даярлау бағытының
«7М04201 – Сот және сот төрелігі» және «7М04202 – Сот және сот төрелігі»
білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға қабылдау
емтиханының 2026 жылғы түсушілерге арналған**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана қ., 2026

Түсіндірме жазба

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі – Академия) магистратурасына қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 27 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде «6B042 – Құқық» даярлау бағыты бойынша бакалавриат білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын ескере отырып әзірленді.

«7M042 – құқық» кадрларды даярлау бағыты бойынша магистратураға түсушілерге арналған қабылдау емтиханының бағдарламасын академияның «Мемлекеттік-құқықтық пәндердің», «Азаматтық-құқықтық пәндердің», «Қылмыстық-құқықтық пәндердің» ғылыми-білім беру орталықтары әзірледі.

Қабылдау емтиханының мақсаты магистратураға түсушілердің теориялық және практикалық дайындық деңгейін анықтау және конкурстық іріктеу негізінде оқуға қабылдау жөнінде дербес ұсынымдарды қалыптастыру болып табылады.

Магистратураға түсу емтиханы үш кезеңнен тұрады:

- 1) кешенді тестілеу;
- 2) азаматтық және азаматтық процестік құқық, қылмыстық және қылмыстық-процестік құқық, әкімшілік құқық, сондай-ақ әкімшілік-деликтік құқық бойынша кейс (жағдаяттық есеп) шешу.
- 3) эссе жазу.

Бірінші кезең Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының базасында, келесі екі кезең Академияда өткізіледі.

Осы Бағдарлама құқықтың алты саласы бойынша кейстерді (жағдаяттық есептерді) шешуге дайындалуға арналған үлгілік сұрақтарды қамтиды *:

- Азаматтық құқық;
- Азаматтық процестік құқық;
- Қылмыстық құқық;
- Қылмыстық-процестік құқық;
- Әкімшілік рәсімдік-процестік құқық;
- Әкімшілік-деликтік құқық және процесс.

Бағдарламаға: а) пәндердің мазмұны; ә) ұсынылатын әдебиет енгізілген.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы Ғылыми кеңесінің отырысында мақұлданды: 2026 жылғы «26» наурыздағы № 8 хаттама.

* Кейстер емтихан тапсыру сәтінде қолданыстағы заңнамадың жай-күйін ескере отырып шешілуі керек.

1-БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ

Мазмұны

1-тақырып. Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні, әдісі, жүйесі. Азаматтық құқықтың қайнар көздері.

2-тақырып. Азаматтық-құқықтық қатынас. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғау.

3-тақырып. Азаматтар азаматтық құқықтардың субъектілері ретінде.

4-тақырып. Заңды тұлғалар азаматтық құқықтың субъектілері ретінде. Мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөлініс азаматтық құқық субъектілері ретінде.

5-тақырып. Азаматтық құқықтың объектілері.

6-тақырып. Мәмілелер.

7-тақырып. Өкілдік. Сенімхат. Мерзімдер. Талап қою мерзімі.

8-тақырып. Заттық құқықтар. Меншік құқығы. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтардың туындауы және тоқтатылуы.

9-тақырып. Ортақ меншік құқығы. Өзге де (шектелген) заттық құқықтар.

10-тақырып. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау.

11-тақырып. Міндеттеменің түсінігі мен мазмұны. Міндеттемедегі тараптар. Міндеттемені орындау.

12-тақырып. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету.

13-тақырып. Міндеттемені тоқтату.

14-тақырып. Міндеттемені бұзғандығы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік.

15-тақырып. Шарттың түсінігі мен ережелері. Шартты жасасу, өзгерту және бұзу.

16-тақырып. Мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) беру жөніндегі шарттар. Сатып алу сату шарты және оның жекелеген түрлері: бөлшектеп сатып алу сату, тауар жеткізілім, келісім-шарт жасасу, энергиямен жабдықтау, кәсіпорынды сату, жекешлендіру.

17-тақырып. Айырбас шарты, сыйға тарту шарты, рента шарты.

18-тақырып. Мүлікті пайдалануға беру жөніндегі шарттар. Мүлік жалдау шартының жалпы ережелері. Көлік құралдарын жалға алу, прокат.

19-тақырып. Лизинг, тұрғын-үйді жалдау шарты, ссуда (мүлікті тегін пайдалану) шарты. Кәсіпорынды жалдау. Үйлерді және ғимараттарды жалдау.

20-тақырып. Жұмысты орындау жөніндегі шарттар (мердігерлік сипаттағы шарттар). Мердігерлік туралы жалпы ережелер. Тұрмыстық мердігерлік. Құрылыс мердігерлігі. Жобалау және іздестіру жұмыстарына, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік.

21-тақырып. Қызмет көрсету жөніндегі шарттар. Өтелмелі қызмет көрсету шарты. Тасымалдау шарты. Кеме жалдау (чартер) шарты. Көлік экспедициясы шарты.

22-тақырып. Заем шарты. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты.

23-тақырып. Банктік қызмет көрсету шарты. Банктік шот шарты. Ақша

аударымы туралы шарт. Банктік салым туралы шарт.

24-тақырып. Сақтау шарты. Сақтаудың жекелеген түрлері. Сақтандыру шарты.

25-тақырып. Тапсырма шарты. Басқаның мүддесіне тапсырмасыз іс- әрекет жасау. Комиссия шарты. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты.

26-тақырып. Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарты.

27-тақырып. Конкурстық міндеттемелер. Тендер. Аукцион.

28-тақырып. Зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер. Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу. Моральдық зиянды өтеу. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер.

29-тақырып. Интеллектуалдық меншік құқығы. Авторлық құқық. Сабақтас құқықтар. Селекциялық жетістіктерге құқық. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары. Тауар белгісі. Тауар шығарылатын жердің атауы.

30-тақырып. Мұрагерлік құқық.

31-тақырып. Халықаралық жеке құқық.

1-тақырып. Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні, әдісі, жүйесі. Азаматтық құқықтың қайнар көздері.

Азаматтық құқық құқық саласы ретінде. Азаматтық құқықтық міндеттері мен қағидаттары. Азаматтық құқықты басқа іргелес құқық салаларынан ажырату. Құқық саласы ретіндегі азаматтық құқықтың жүйесі.

Азаматтық құқық ғылым және оқу пәні ретінде. Азаматтық құқық ғылымындағы азаматтық-құқықтық реттеудің пәні мен әдісінің мәселелері. Азаматтық құқық ғылымының негізгі даму кезеңдері. Азаматтық құқық ғылымының міндеттері. Азаматтық құқық ғылымының өзге құқықтық ғылымдармен өзара байланысы. Жеке құқықтың дуализмі мәселелері.

Қазіргі заманның негізгі азаматтық-құқықтық жүйелері. Азаматтық заңнама жүйесі. ҚР Азаматтық кодексі: жалпы сипаттамасы және құрылымы. ҚР АҚ мен өзге де заңнамалық актілердің арақатынасы. Іскерлік айналым дағдыларының азаматтық-құқықтық маңызы. Азаматтық құқықты ұқсастығы (заңның ұқсастығы және құқықтың ұқсастығы) бойынша қолдану. Азаматтық құқық нормалары және мораль мен адамгершілік нормаларының арақатынасы. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының азаматтық құқықтық қатынастарды реттеудегі маңызы.

Азаматтық заңнаманың уақытта, кеңістікте және тұлғалар бойынша қолданылуы. Азаматтық заңнаманың қолданылуы. Диспозитивті және императивті азаматтық-құқықтық нормалар.

2-тақырып. Азаматтық-құқықтық қатынас. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғау

Азаматтық-құқықтық қатынастың түсінігі, мазмұны мен элементтері. Субъективті азаматтық құқықтардың түсінігі, мазмұны және түрлері. Азаматтық-құқықтық қатынастардағы заңи міндеттердің түсінігі, мазмұны және түрлері. Субъективті азаматтық құқық және құқыққа өкілеттілік.

Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері. Азаматтық құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктің түсінігі мен арақатынасы. Құқық қабілеттілік пен субъективті азаматтық құқықтың өзара байланысы. Азаматтық құқықтық қатынастардың жіктелуі. Азаматтық құқықтық қатынастардың туындау, өзгеру және тоқтау негіздері.

Құқықтық фактілер және құқықтық құрамдар. Азаматтық құқық ғылымындағы құқықтық фактілердің жіктелуі. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және азаматтық міндеттерді орындаудың түсінігі мен тәсілдері. Азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың шектері. Құқықты теріс пайдалану мәселесі. Бәсекелестікті шектеу мен нарықтағы үстем жағдайды теріс пайдаланудың түсінігі. Құқықтарды жүзеге асырудағы азаматтық құқықтық қатынастардың қатысушыларының парасаттылығы пен адалдығының түсінігі және презумпциясы. Азаматтық құқықтарды қорғаудан бас тарту және оның құқықтық салдары.

Азаматтық құқықтарды қорғаудың түсінігі мен тәсілдері. Залалдарды өтету: залалдардың элементтері, залалдарды өтету қағидаты. Моральдық зиянның өтемін төлету. Құқықты тану жолымен құқықты қорғау ерекшеліктері. Құқық бұзылғанға дейінгі қалыпқа келтіру, және құқықтарды бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттердің алдын алу. Міндеттерді заттай орындату. Бұзылған құқықты қорғаудың тәсілі ретінде айып төлеуді қолданудың шектері. Азаматтық құқықтарды қорғаудың юрисдикциялық және юрисдикциялық емес әдістері. Азаматтық құқықтарды өзін-өзі қорғау. Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

3-тақырып. Азаматтар азаматтық құқықтардың субъектілері ретінде

«Азаматтар» мен «жеке тұлғалар» түсініктерінің арақатынасы. Азаматтардың құқық қабілеттілігі. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің туындау және тоқтатылу сәті. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұны. Азаматтардың есімі мен тұрғылықты жері азаматтық-құқықтық қатынастардағы дараландыру құралдары ретінде.

Азаматтық хал актілерін тіркеу. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің түсінігі мен әрекет қабілеттілігі бойынша азаматтардың категориялары. Эмансипация. Азаматтардың әрекет қабілеттіліктерін шектеудің негіздері, тәртібі және шектері. Азаматты әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану. Қорғаншылық және қамқоршылық. Дара кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесі. Дара кәсіпкердің дәрменсіздігі (банкроттығы), оңалтылуы. Азаматтың мүлкінен ақы өндіріп алу. Жеке тұлғаның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы.

4-тақырып. Заңды тұлғалар азаматтық құқықтың субъектілері ретінде. Мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөлініс азаматтық құқық

субъектілері ретінде

Заңды тұлғаның түсінігі мен белгілері. Заңды тұлға институтының маңызы. Заңды тұлғаның теориялары. Заңды тұлғаның жалпы және арнайы құқық субъектілігі. Заңды тұлғаны дараландыру: атауы, тұрған жері, тауар белгісі және қызмет көрсету белгісі, тауардың шығарылған жерінің атауы.

Заңды тұлғаның өкілдіктері мен филиалдары. Еншілес және тәуелді заңды тұлғалар. Заңды тұлғалардың жіктелуі. Коммерциялық ұйымдар және олардың түрлері. Коммерциялық емес ұйымдар: жалпы сипаттамасы және түрлері. Заңды тұлғалардың бірлестігі (ассоциациялар мен одақтар). Заңды тұлғаларды құру. Заңды тұлғаларды олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарай құру тәртібі мен тәсілдері.

Құрылтай құжаттары. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу: мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар, мемлекеттік тіркеудің тәртібі. Мемлекеттік тіркеуден бас тарту негіздері. Лицензиялайтын қызмет түрлері. Заңды тұлғаларды тоқтату. Заңды тұлғаларды қайта құру, қайта құру нысандары (түрлері). Өткізу актісі және бөлу балансы. Заңды тұлғаларды қайта құру кезіндегі құқықтық сирасқорлық. Заңды тұлғаны қайта құру кезіндегі несие берушілердің құқықтарының кепілдігі.

Заңды тұлғаны тарату: негіздері мен тәртібі. Заңды тұлғаны тарату кезіндегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру тәртібі. Заңды тұлғаны дәрменсіз (банкрот) деп тану. Заңды тұлғаны банкрот деп танудың салдары.

Азаматтық-құқықтық қатынастар аясындағы жария құқықтың субъектісі ретіндегі мемлекеттің құқық субъектілігінің ерекшеліктері. Қазақстан Республикасының азаматтық құқықтық қатынастарға қатысуы. Әкімшілік-аумақтық бөліністердің азаматтық құқықтық қатынастарға қатысуы. Мемлекеттің заттық-құқықтық және міндеттемелік-құқықтық қатынастарға қатысуы. Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бөліністің міндеттемелері бойынша ақы өндіріп алу.

5-тақырып. Азаматтық құқықтың объектілері

Азаматтық құқықтардың объектілерінің түсінігі мен түрлері. «Мүлік» категориясы азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Ақпарат (соның ішінде коммерциялық және қызметтік құпия) азаматтық құқықтардың объектісі ретінде. Жұмыстар мен қызметтердің нәтижесі азаматтық құқықтардың объектісі ретінде. Мүліктік емес игіліктер. Интеллектуалдық меншік. Осы объектілердің айналым қабілеттілігіне қарай азаматтық құқықтардың объектілерінің түрлері.

Заттардың түсінігі мен заңи жіктелуі. Жеке-дара және тектік белгілерімен анықталған заттар. Тұтынылатын және тұтынылмайтын заттар. Адамның еңбегінен туындаған заттар және табиғи туындаған заттар. Жеке, отбасы, тұрмыста пайдалануға арналған заттар және кәсіпкерлік қызметте пайдалануға арналған заттар. Бөлінетін және бөлінбейтін заттар. Күрделі және жай заттар. Басты зат және керек-жарақ. Жемістер, азық-түлік және табыстар. Жанды және жансыз заттар. Жылжымайтын және жылжитын мүлік. Жылжымайтын мүлік

түрлері және жылжымайтын мүліктің құқықтық режимінің ерекшеліктері.

Жылжымайтын мүлікке құқықтар мен ауыртпалықтарды мемлекеттік тіркеу. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар. Ақша (валюта). Валюталық құндылықтар. Бағалы қағаздар азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Бағалы қағаздардың жіктелуі. Бағалы қағаздар бойынша құқықтарды беру. Бағалы қағаздардың түрлері. Мүліктік емес игіліктердің түсінігі, белгілері және түрлері. Мүліктік емес игіліктерді қорғау. Ар-намысты, абыройды, іскерлік беделді қорғау ерекшеліктері. Моральдық зиянның түсінігі. Моральдық зиянды өндірудің қағидаттары.

6-тақырып. Мәмілелер

Мәмілелердің түсінігі. Мәміленің, шарттың, міндеттеменің арақатынасы. Мәмілелердің нысандары және түрлері. Биржалық мәміленің ерекшеліктері. Мәмілелердің жарамдылығының шарттары. Мәміленің қатысушыларының әрекет қабілеттілігі. Мәміленің нысанын ұстану. Мәміленің мазмұнының заңдылығы. Мәміле жасасу кезіндегі ішкі ерік пен сыртқы ерік білдірудің тұтастығы.

Мәміленің міндетті нотариалды нысанын сақтамау салдары. Мәмілелерді мемлекеттік тіркеу және мәмілелердің тіркелуі туралы заң талаптарын бұзу салдары.

Мәміленің жарамсыздығы: түсінігі және құқықтық салдары. Жарамсыз мәмілелердің түрлері. Жарамсыз мәмілелер бойынша талап қою мерзімдері. Жалған және қулықпен жасалатын мәмілелер.

7-тақырып. Өкілдік. Сенімхат. Мерзімдер. Талап қою мерзімі

Өкілдіктің түсінігі, маңызы және қолданылу аясы. Өкілдіктің түрлері. Өкіл бола алмайтын тұлғалар. Оның өкілеттігі және белгілеу тәсілдері. Мәміле жасауға өкілеттігін асыра пайдаланып және мәміле жасауға уәкілдік берілмеген тұлғаның жасаған мәмілесі.

Сенімхат: түсінігі, түрлері және әрекет ету мерзімі. Сенімхаттың нысаны. Сенімнің ауысуы. Сенімхаттың тоқтатылуы және оның тоқтатылуының салдары. Азаматтық құқықтағы мерзімдердің түсінігі, маңызы және заңи табиғаты. Мерзімдердің түрлері және заңи маңызы. Талап қою мерзімі және оның иелену мерзімімен байланысы.

Мерзімдерді анықтау, оларды есептеу тәртібі. Азаматтық құқықтарды қорғау мерзімдері. Талап қою мерзімінің түсінігі және маңызы. Талап қою мерзімдерінің ережелерін қолдану. Талап қою мерзімдерінің түрлері: жалпы және арнайы. Талап қою мерзімі қолданылмайтын талаптар. Талап қою мерзімінің өтуінің басталуы. Талап қою мерзімінің өтуін тоқтата тұру. Талап қою мерзімін қалпына келтірудегі мерзімдерді есептеу тәртібі. Талап қою мерзімінің өтуіндегі үзіліс. Талап қою мерзімін қалпына келтіру. Талап қою мерзімінің өтіп кету салдары. Талап қою мерзімінің қосымша талаптарға қолданылуы.

8-тақырып. Заттық құқықтар. Меншік құқығы. Меншік құқығы және

өзге де заттық құқықтардың туындауы және тоқтатылуы.

Заттық құқық азаматтық құқықтың салашасы ретінде. Заттық құқықтардың түсінігі және мазмұны. Заттық және міндеттемелік құқықтардың салыстырмалы сипаттамасы. Заттық құқықтардың жіктелуі. Кепіл мен жалдауды заттық құқықтарға жатқызу мәселелері. Иелену заттық құқық ретінде.

Меншік экономикалық категория ретінде. Меншік құқығының түсінігі объективті азаматтық құқық ретінде. Меншік иесінің өкілеттіктері, олардың мазмұны және жүзеге асыру мен қорғау шектері. Меншік иесінің ауыртпалықтары. Меншік құқығының мерзімсіздігі. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша меншік нысандары. Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру. Республикалық және коммуналдық меншік. Меншік құқығының объектілері мен субъектілері. Азаматтық құқықтың жария субъектілерінің меншік құқығының ерекшеліктері.

Меншік құқығына ие болу. Меншік құқығының пайда болуының бастапқы тәсілдері. Жаңа затты дайындау. Өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын алу. Өңдеу. Жинауға арналған көпшілік қолды заттарды меншікке айналдыру. Олжаға меншік құқығын алу шарттары. Көмбе. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малға немесе басқа да үй жануарларына меншік құқығын алу. Меншік иесі жоқ жылжитын заттарға меншік құқығын алу. Иелену мерзімі. Жемістер мен табыстарға меншік құқығы. Шарт бойынша алушының меншік құқығы пайда болатын кез. Заттардың берілуі. Мүліктің кездейсоқ жойылу және бүліну тәуекелі.

Меншік құқығының тоқтатылу негіздері. Меншік құқығын ерікті және мәжбүрлеп тоқтату. Меншік құқығынан бас тарту. Заттың қирауына немесе жойылуына байланысты меншік құқығының тоқтатылуы. Меншік иесінен оған тиесілі мүлікті мәжбүрлеп алу. Күтімсіз ұсталған мәдени құндылықтарды сатып алу арқылы алып қою. Меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүлкінен ақы өндіріп алу. Заңға сәйкес бұл тұлғаға тиесілі бола алмайтын мүлікті иеліктен айыру.

Жер учаскесін алып қоюға байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру. Реквизиция және тәркілеу. Мемлекет меншігіне алып қою. Үлесті меншік қатысушысына ортақ мүліктегі оған тиесілі бөліктің орнына өтем төлеу. Жер учаскесін мемлекет мұқтаждықтары үшін сатып алу. Тұрғын үй-жайға меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар. Тұрғын үй-жайдың меншік иесінің отбасы мүшелерінің тұрғын үй-жайды пайдалану құқығы. Жер учаскесі меншік құқығының объектісі ретінде.

9-тақырып. Ортақ меншік құқығы. Өзге де (шектелген) заттық құқықтар

Ортақ меншіктің түсінігі және туындау негізі. Ортақ меншік құқығының түсінігі және түрлері. Ортақ үлестік меншік. Ортақ үлестік меншік құқығындағы үлестерді анықтау. Үлестік меншіктегі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету. Сатып алудың басым құқығы.

Үлесті меншіктегі мүлікті пайдаланумен байланысты кірістер мен шығындарды ортақ үлестік меншік қатысушыларының арасында бөлу. Ортақ

үлесті меншіктегі мүлікті бөлу және одан үлесті бөліп шығару. Ортақ бірлескен меншік, оның туындау негіздері. Ортақ бірлескен меншіктегі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету. Ортақ бірлескен меншіктегі мүлікті бөлу және одан үлесті бөліп шығару.

Ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі. Шаруа және фермер қожалығының мүлкіне оның қатысушыларының ортақ бірлескен меншік құқығы. Кондоминиум ортақ бірлескен меншік құқығының ерекше нысаны ретінде. Меншік иесі болып табылмайтын тұлғалардың заттық құқықтарының түрлері. Шаруашылық жүргізу құқығы. Шаруашылық жүргізу құқығының түсінігі, субъектілері және мазмұны, шектері. Шаруашылық жүргізудегі мүлікке меншік құқығы. Оралымды басқару құқығының түсінігі, субъектілері және мазмұны. Қазыналық кәсіпорын мүлкі мен мекеменің мүлкіне билік ету.

Шаруашылық жүргізу құқығы мен оралымды басқару құқығына ие болу және тоқтату. Кәсіпорын немесе мекеме басқа меншік иесіне өту кезінде мүлікке құқықтарды сақтау. Жер пайдалану құқығы және жер қойнауын пайдалану құқығы. Сервитуттар: түсінігі, түрлері, оларды бекіту және тоқтату тәртібі мен негіздері. Узуфрукт, эмфитевзис, суперфиций.

10-тақырып. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау

Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғаудың азаматтық-құқықтық құралдарының жүйесі. Меншік құқығын қорғаудың заттық-құқықтық және міндеттемелік-құқықтық тәсілдері. Меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі (виндикациялық талап). Виндикациялық талапты қанағаттандыру негіздері. Заттарды заңсыз иеленуден қайтарып алу кезінде есеп айырысу. Меншік иесі құқықтарын иеленуден айыруға байланысы жоқ бұзылудан қорғау (негаторлық талап). Мүлікті тізімнен алып тастау туралы талап (тыйым салудан босату). Меншік құқығын тану туралы талаптар. Меншік иесі болып табылмайтын иеленушінің құқықтарын қорғау. Билік пен басқару органдарының актілерімен меншік иесінің құқықтарын заңсыз айыру мен шектеу кезінде меншік құқығын қорғау. Меншік құқығын азаматтық-құқықтық қорғаудың өзге де тәсілдері.

11-тақырып. Міндеттеменің түсінігі мен мазмұны. Міндеттемедегі тараптар. Міндеттемені орындау

Міндеттемелік құқықтың түсінігі мен жүйесі. Міндеттеменің түсінігі мен мазмұны, оның басқа мүліктік құқықтық қатынастардан айырмашылығы. Міндеттеменің туындау негіздері. Міндеттеменің субъектілері. Міндеттемедегі тұлғалардың көптігі. Міндеттемелердің жіктелуінің мәселелері. Міндеттемелердің түрлері. Үшінші тұлғалардың қатысуымен міндеттемелер. Регрестік міндеттемелер. Үшінші тұлғалардың пайдасына міндеттемелер. Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы. Құқықты (талап етуді) беру. Қарызды алмастыру.

Міндеттеменің орындалуының түсінігі мен қағидаттары. Ортақтасқан және үлестік міндеттемелердің орындалу ерекшеліктері. Міндеттемені толық көлемде орындау. Міндеттемені бөлшектеп орындау ережелері. Міндеттемені

орындау мерзімі. Міндеттемеде ол орындалатын мерзім көрсетілмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса орындау тәртібі. Міндеттемені мерзімінен бұрын орындау. Міндеттемені мерзімінде орындамаудың салдары. Міндеттеме орындалатын жер. Ақшалай міндеттемені орындаудың ерекшеліктері. Міндеттемені орындау тәсілі. Міндеттемені заттай орындау. Міндеттемені қарсы орындау. Міндеттемені мерзімін өткізіп орындаудың салдары.

12-тақырып. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету.

Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің түсінігі және тәсілдері. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің акцессорлық сипаты. Айып төлеудің түсінігі мен түрлері. Айып төлеу туралы келісімнің нысаны және оны сақтамау салдары. Залалдар мен айып төлеудің арақатынасы. Кепілпұл, оның аванстан айырмашылығы. Кепілпұлмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаудың және тоқтатудың салдары. Борышқордың мүлкінен ұстап қалу. Кепілдік міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдісі ретінде. Кепілдік берушінің жауапкершілігі. Кепіл болушылық. Кепіл болушылықтың туындау негізі. Кепіл болушылықты тоқтату. Кепілдік жарна. Кепіл. Кепілдің түсінігі және туындау негіздері. Кепілдің түрлері. Кепілді қайталап салу. Кепіл міндеттемесін ұстап қалу. Кепілге салынған мүліктен ақы өндіріп алу негіздері мен тәртібі. Кепілге салынған мүлікті сату. Кепілді тоқтату негіздері. Айналымдағы тауарларды кепілге салу. Ломбардта заттарды кепілге салу. Ипотеканың түсінігі мен пәні. Ипотеканың пәні бола алмайтын мүлік. Ипотека туралы шартты мемлекеттік тіркеу. Тұрғын үйлер мен пәтерлер ипотекасының ерекшеліктері.

13-тақырып. Міндеттемені тоқтату

Міндеттемені тоқтату негіздері (тәсілдері). Тиісінше орындау міндеттемені тоқтату тәсілі ретінде. Міндеттеменің орындалуын куәландыру. Міндеттеменің бір тарабының талап етуі бойынша міндеттемені тоқтату, міндеттемелерді тиісінше орындаумен тоқтату. Бас тарту. Несие беруші мен борышқордың бір тұлға болуы. Жаңғыртылу. Борышты кешіру. Міндеттемені біртектес қарсы талапты есепке жатқызу арқылы тоқтату. Есепке жатқызу жол берілмейтін жағдайлар. Орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеменің тоқтатылуы. Мемлекеттік органның құжаты негізінде міндеттеменің тоқтатылуы, тоқтатылу салдары. Азаматтың қайтыс болуымен міндеттеменің тоқтатылуы. Заңды тұлғаның таратылуымен міндеттеменің тоқтатылуы. Міндеттеменің тоқтатылуының өзге де әдістері.

14-тақырып. Міндеттемені бұзғандығы үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен функциялары. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің, санкциялар мен құқық бұзушыға жедел ықпал ету шараларының арақатынасы. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің нысандары. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері:

шарттық және шарттан тыс, үлестік және ортақтасқан, негізгі және субсидиарлық, толық және шектелген, аралас жауапкершілік, регресс тәртібімен жауапкершілік. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің шарттары (негіздері). Құқыққа қайшы мінез-құлық. Зиян келтіру. Құқыққа қайшы әрекет пен зиян келтірудің арасындағы себепті байланыс. Азаматтық құқықтағы кінәнің ерекшеліктері. Кінәсіне қарамастан жауапкершіліктің негіздері. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жауапкершіліктің ерекшеліктері. Жауапкершіліктен босататын мән-жайлар. Оқиға және бой бермейтін күш. Борышқордың мерзімді өткізіп алу салдары және несие берушінің мерзімді өткізіп алу салдары. Моральдық зиян. Моральдық зиянды ақшалай өтеу. Ақшалай міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктің ерекшеліктері. Басқаның ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік.

15-тақырып. Шарттың түсінігі мен ережелері. Шартты жасасу, өзгерту және бұзу

Шарттың түсінігі мен маңызы. Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастырудағы шарттың рөлі. «Шарт», «мәміле», «міндеттеме» ұғымдарының арақатынасы. Шарт еркіндігі қағидаты және оның шектелуі. Шарттардың түрлері. Шартты түсіндіру. Шарттың мазмұны. Шарт ережелері. Шарттың елеулі ережелерінің заңи маңызы. Шарттың әдеттегі, қосымша және үлгі ережелері. Шарт нысаны. Шарттарды мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы талаптарды сақтамау салдары.

Шарт жасасу. Шарт жасасу кезеңдері. Оферта мен акцептке қойылатын талаптар. Жария оферта. Шарт жасалатын кез. Шарт жасалатын жер, оның заңи маңызы. Шартты міндетті түрде жасасу жағдайлары және тәртібі. Саудасаттықта жасалатын шарттың ерекшеліктері. Шартқа дейінгі даулар. Шартты өзгерту және бұзу негіздері. Шартты өзгерту және тоқтату салдары мен тәртібі.

16-тақырып. Мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) беру жөніндегі шарттар. Сатып алу-сату шарты және оның жекелеген түрлері: бөлшектеп сатып алу-сату, тауар жеткізілім, келісім-шарт жасасу, энергиямен жабдықтау, кәсіпорынды сату, жекешендіру

Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу және оралымды басқарудың заттық құқықтар ретіндегі ұғымы. Сатып алу-сату шартының тараптары. Сатып алу-сату шартының пәні елеулі ереже ретінде. Тауар жөніндегі ереже (аталуы және саны). Сатушының тауар беру жөніндегі міндетін орындау мерзімі мен сәті. Тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупінің ауысуы. Үшінші тұлғалардың құқықтарынан тыс тауар. Эвикция. Тауар ассортименті. Тауар сапасы. Тауардың жарамдылық мерзімі. Тауар сапасына кепілдік. Тауар жөніндегі өзге де ережелер (тауардың жиынтықтылығы, тауарды салатын ыдыс және оны буып-түю). Тауар бағасы, тауарға ақы төлеу мерзімі және тәртібі. Тауарды кредитке сату. Сатып алу-сату шартының ережелерін бұзу салдары. Бөлшектеп сатып алу-сату шартының ұғымы, нысаны және ерекшеліктері. Тауарларды үлгілер бойынша сату.

Бөлшектеп сатып алу-сату шартын жасасудың ерекшеліктері. Автоматтарды пайдалана отырып тауарды сату. Тауарды сатып алушыға жеткізіп беру туралы шартпен сату. Сапасы лайықты тауарды алмастыру.

Тауар жеткізілім шартының ұғымы. Тауар жеткізілім шартының елеулі ережелері. Тауар жеткізілім шартының нысаны. Тауар жеткізілім шартының пәні, бағасы және өзге де ережелері. Ұзақ мерзімді тауар жеткізілім шарты. Жекелеген бөліктермен тауар жеткізу. Тауарды жеткізудің кезеңдері, тәртібі және графигі. Тауарды жөнелту. Тауарды жеткізу. Жетіспеген тауар. Жетіспеген тауар бойынша тауарлардың түр-түрі. Тауар жеткізілім шарты бойынша іскерлік айналым ережелері. Тауарларды таңдау. Ыдыс және буып-түю. Жетіспеген тауар және тауар жеткізілімдегі кешіктіру үшін айып төлеу. Тауар жеткізілім шарты бойынша тапсырыс беруші мен тауар жеткізушінің жауаптылығы. Тауар жеткізілім шартын орындаудан біржақты тәртіпте бас тарту.

Келісім шарт жасасу шартының ұғымы. Келісім-шарт жасасу шартының тараптары.

Энергиямен жабдықтау шартының ұғымы және белгілері. Қосылған желі ұғымы. Тұрмыстық мақсатта тұтынушымен энергиямен жабдықтау шартын жасасу сәті. Энергияның азаматтық құқықтың объектісі ретіндегі ұғымы және ерекшеліктері. Энергиямен жабдықтау шартының тараптары. Желілерді, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану.

Кәсіпорынды сату шартының ұғымы. Кәсіпорын азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Кәсіпорынды сату шартының нысаны. Кәсіпорынға құқықтың ауысуы.

17-тақырып. Айырбас шарты, сыйға тарту шарты, рента шарты

Айырбас шартының ұғымы. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Айырбас шарты мүлікке меншік (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) құқығын беруге байланысты шарттардың бір түрі ретінде. Заттар, құқықтар, жұмыстар және қызмет көрсетулер айырбас шартының пәні ретінде. Айырбасталатын тауарлардың бағасы және құндылығының теңдігі. Айырбас шарты тараптарының өзара міндеттері. Айырбасталатын тауарларға меншік құқығының ауысуы. Айырбас шарты бойынша берілген тауардың мәжбүрлі алынып қойылғаны үшін жауаптылық. Мемлекет айырбас шартының тарабы ретінде. Айырбас шартының құқықтық сипаттамасы. Айырбас шартының мерзімі. Айырбас шартының елеулі ережелері. Айырбас шартының нысаны. Айырбас шартының мазмұны. Айырбас шартынан туындайтын құқықтарды виндикациялық талаптар қоюарқылы қорғау.

Сыйға тарту шартының тараптарын айқындау. Сыйға тарту шартының пәні. Заттар сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тартушыға не үшінші тұлғаға қатысты мүліктік құқықтар (талаптар) сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сый алушыны сыйға тартушының не үшінші тұлғаның алдындағы мүліктік міндеттерінен босату сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шартының нысаны. Сыйға тартуға уәде беру. Сыйға тарту шартының жарамсыздығының негіздері. Сый алушының сыйды қабылдаудан бас тартуы.

Сыйға тартуға тыйым салу. Сыйға тартуға шектеу қою. Ортақ меншік сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шартының пәні ретінде беруге болатын сыйлықтардың құны. Тұлғаның атынан сыйға тартуға жол берілмейтін жағдайлар. Сый алушы бола алмайтын тұлғалар. Шаруашылық жүргізудегі не оралымды басқарудағы мүлік сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту. Сыйға тартудың күшін жою. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тартуға және сыйға тартудың күшін жоюға жол берілмейтін жағдайлар. Сыйға тартылған заттардың кемішілігі себепті зиян келтіру салдары. Сыйға тартуға уәде беру кезіндегі құқықмирасқорлық. Қайырымдылық. Жылжымайтын мүлікті сыйға тарту шарты. Сыйға тартушы мен сый алушының құқықтары және міндеттері.

Рента шартының ерекшеліктері. Рента шартының тараптары. Рента шартының нысаны. Рента шартының түрлері. Жылжымайтын мүліктегі рента ауыртпалығы. Рента төлемін қамтамасыз ету, мүлікке қатысты кепіл құқығы. Рента төлеушінің міндеттемені орындамауы не тиісінше орындамауы қаупін рента алушының пайдасына сақтандыру. Рента шарты бойынша төлемдер. Рента төлемін кешіктіргендігі үшін жауаптылық. Рента шартын бұзу. Рента төлеушіге мүлікті беру барысында рента алушының мүдделерінің құқықтық кепілдіктері.

18-тақырып. Мүлікті пайдалануға беру жөніндегі шарттар. Мүлік жалдау шартының жалпы ережелері. Көлік құралдарын жалға алу, прокат

Мүлікті пайдалануға беру жөніндегі шарттардың жалпы белгілері. Мүлік жалдау шарты және оның белгілері. Мүлік жалдау шартының тараптары. Мүлік жалдау шартының объектілері. Кәсіпорын мүлік жалдау шартының объектісі ретінде. Жер пайдалану, жер қойнауын пайдалану құқықтары және өзге де заттық құқықтар мүлік жалдау шартының объектілері ретінде. Айналым қабілеттілігіне қарай мүлік жалдау шартының объектілерінің шеңберін шектеу. Қосалқы жалға беру. Қосалқы жалға берушінің жауаптылығы. Тұрғын-үйді, жер участогін, жер қойнауын және өзге де дербес табиғат объектілерін мүліктік жалдау шарты бойынша берудің ерекшеліктері. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау бойынша берудің ерекшеліктері. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, соның ішінде концессия шартының негізінде мемлекеттік мүлікті жалға берудің ерекшеліктері.

Мүлік жалдау шартының талаптары. Мүлік жалдау шартының нысаны. Мүлік жалдау шартының мерзімі. Жалға берілетін мүлікке қатысты үшінші тұлғалардың құқықтары. Мүлік жалдау шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері. Жалға алушының жалға алынған мүлікке билік ету шегі. Жалға берушінің жалға берілген мүлікті ұстап-тұту жөніндегі міндеттері. Жалға берілген мүлікке күрделі жөндеу жүргізу. Жалға алушының жалданған мүлікті ұстап-тұту жөніндегі міндеттері. Жалға алушының жалданған мүліктен алынатын өнімге, жемістерге және өзге де кірістерге меншік құқығы. Жалданған мүлікке жасалған ажыратылатын және ажыратылмайтын жақсартулар. Тараптардың біреуінің талап етуі бойынша мүліктік жалдау шартын өзгерту және бұзу. Жалға алушының шартты жаңа мерзімге жасасуға

артықшылықты құқығы. Мүліктік жалдау шартын қайта жаңарту. Мүліктік жалдау шартының тараптар өзгерген кезде күшін сақтап қалуы.

Көлік құралдарын жалдау. Көлік құралын экипажымен жалдау шарты. Көлік құралының ұғымы. Көлік құралын экипажымен жалдау шартының нысаны. Көлік құралының мазмұны. Жалға берушінің көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану жөніндегі міндеттері. Көлік құралын сақтандыру. Көлік құралына келтірілген зиян үшін жауапкершілік. Көлік құралы келтірген зиян үшін жауапкершілік. Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты.

Прокат шартының ерекшеліктері. Прокат шартының мерзімі. Прокат шартындағы жалға берушінің және жалға алушының құқықтары. Жалға берілген мүліктің кемшіліктерін жою. Прокат шарты бойынша мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы. Прокат шарты бойынша берілген мүлікке күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу. Прокат шарты бойынша жалға алушыға берілген мүлікті қосалқы жалға беру.

19-тақырып. Лизинг, тұрғын-үйді жалдау шарты, ссуда (мүлікті тегін пайдалану) шарты. Кәсіпорынды жалдау. Үйлерді және ғимараттарды жалдау

Лизинг шарты: ұғымы, нысанасы. Лизинг шартының тараптары. Лизинг шарттың нысанасы бола алмайтын мүліктер. Лизинг шартының елеулі ережелері. Лизинг нысанасына меншік құқығы. Лизинг түрлері. Лизинг шартының нысаны. Лизинг шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері. Мүлікті лизингке беру туралы сатушыны хабардар ету. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі. Лизинг алушыға лизинг шартының нысанасын беру. Сатушының жауапкершілігі. Лизинг мерзімі.

Тұрғын үйді жалдау шарты. Тұрғын үйді жалдау шартының тараптары. Тұрғын үйді жалдау шартының пәні. Тұрғын үйге меншік құқығының және оны пайдалану құқығының туындау және тоқтату негіздері. Тұрғын үй ұғымы. Ғимарат ұғымы. Кәсіпорынды жалдау шарты. Кәсіпорын азаматтық құқықтардың объектісі ретінде. Кәсіпорынды жалдау шарты бойынша берілуіне жол берілмейтін мүліктер. Кәсіпорынның жұмысшыларына қатысты құқықтар мен міндеттер. Жалға алушыға борыштарын аударғаны туралы жалға беруші өз кредит берушілерін жалдау шарты жасалғанға дейін жазбаша түрде хабардар ету міндеті. Жалға алушыға тиісті борыштың ауысуына келісім. Кәсіпорынды жалдау кезіндегі кредит берушілердің құқықтарының қорғалуы. Несие берушілердің келісімін алмастан жалға алушыға борышты аудару кезіндегі жалға берушінің жауаптылығы. Кәсіпорынды жалдау шартының нысаны. Кәсіпорынды жалдау шартын жарамсыз деп тану негіздері. Жалға алынған мүлікті беру. Жалға алушының кәсіпорынды ұстау және оны пайдалану бойынша шығындарды төлеу жөніндегі міндеттері. Жалға алынған кәсіпорынның мүлкін пайдалану. Жалға алушының жалға алынған кәсіпорынға өзгерістер мен жақсартулар енгізуі. Жалға алынған кәсіпорынға жасалған ажыратылмайтын жақсартулар. Жалға алынған мүлікке жасалған ажыратылмайтын жақсартулардың құнын жалға алушыға өтеп беру. Жалға алынған кәсіпорынды қайтару.

Үйлерді не ғимараттарды жалдау шарты. Үйлерді не ғимараттарды жалдау шартының нысаны. Жалға алу ақысының мөлшері. Үйді немесе ғимаратты беру. Ғимарат ұғымы. Құрылыс ұғымы.

Мүлікті тегін пайдалану шарты. Мүлікті тегін пайдалану шартының тараптары. Мүлікті тегін пайдалануға беру. Тегін пайдалануға берілген мүліктің кемшіліктері үшін жауапкершілік. Тегін пайдалануға берілген мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтары.

20-тақырып. Жұмысты орындау жөніндегі шарттар (мердігерлік сипаттағы шарттар). Мердігерлік туралы жалпы ережелер. Тұрмыстық мердігерлік. Құрылыс мердігерлігі. Жобалау және іздестіру жұмыстарына, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік

Мердігерлік шартының тараптары, пәні және нысаны. Мердігерлік шарты мен еңбек шартының ара қатынасы. Мердігерлік шартының интеллектуалдық меншік объектісін жасау жөніндегі шарттан айырмашылығы. Мердігерлік шартының түрлері (тұрмыстық мердігерлік, құрылыс мердігерлігі, жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік). Жұмысты мердігердің қарамағында орындау. Материалдардың кездейсоқ жойылу қаупі. Бас мердігер және қосалқы мердігер. Бас мердігер және қосалқы мердігердің құқықтары, міндеттері және жауаптылығы. Жұмысты орындау мерзімі. Бастапқы, аралық және түпкі мерзімдер. Жұмыстың бағасы. Мердігерлік шартындағы мердігердің міндеттері. Мердігерге тапсырма. Смета. Тұрлаулы смета. Жұмысқа ақы төлеу тәртібі. Жұмыстың нәтижесін, құралдарды, сыйақыны ұстап қалу құқығы. Жұмысты тапсырысшының материалдарын пайдалана отырып орындау. Тапсырысшы берген мүліктің сақталмағаны үшін мердігердің жауаптылығы. Тапсырысшының жұмыстарды орындау кезіндегі құқықтары. Мердігер тапсырысшыға ескертуге міндетті мән- жайлар. Тапсырысшының жәрдем көрсетуі. Тапсырысшының орындалған жұмысты қабылдауы. Жұмысты орындау барысындағы кемшіліктер. Жұмысты қабылдау-өткізу актісі. Көрінеу кемшіліктер. Жасырын кемшіліктер. Кепілдік мерзімі. Сараптама. Жекелеген бөліктерді немесе толықтай қабылдау. Жұмыстың нәтижесін мердігердің сатуына жол беретін негіздер. Толықтай қабылдау барысында кемшіліктерді айқындаған реттегі тапсырыс берушінің құқықтары. Мердігерлік нысанасы жойылған немесе жұмысты аяқтау мүмкін болмаған жағдайдағы тараптар арасындағы есеп айырысу. Жұмыстың сапасына кепілдік. Кепілдік мерзімді есептеу тәртібі. Мердігердің жұмыс сапасының тиісті дәрежеде болмауы үшін жауапкершілігі. Жұмыс сапасының лайықсыздығы туралы талап арыздар жөніндегі мерзімнің ескіруі. Мердігердің тапсырысшыға ақпарат беру міндеті. Тараптар алған ақпараттың құпиялылығы. Коммерциялық құпия. Тапсырысшыға материалдар мен жабдықтарды қайтарып беру.

Тұрмыстық мердігерлік шарты және оның ерекшеліктері. Тұрмыстық мердігерлік шарты жария шарт ретінде. Тұрмыстық мердігерлік шартының тараптары. Шарттың нысаны. Тапсырыс берушінің құқықтарына кепілдік беру.

Тапсырысшыға жұмыстың нәтижелері туралы ақпарат беру. Тапсырысшыға жұмыс туралы ақпарат беру. Жұмысты мердігердің материалынан орындау. Жұмысты тапсырысшының материалынан орындау. Жұмыстың бағасы және оған ақы төлеу. Орындалған жұмыстан кемшіліктер табудың зардабы. Тапсырысшының орындалған жұмыс нәтижесін алуға келмеуінің зардабы.

Құрылыс мердігерлігінің шарты және оның ерекшеліктері. Құрылыс мердігерлігі шартының тараптары. «Кілтке» дейінгі құрылыс туралы шарт. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша тәуекелді бөлісу. Жұмыстың кездейсоқ қымбаттау қаупі. Мердігердің тәуекелін сақтандыру. Жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігі үшін жауаптылық. Жобалау-сметалық құжаттама. Жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу. Жұмыстарды материалдық қамтамасыз ету. Құрылыс салу үшін жер учаскесін беру. Тапсырысшының құрылыс мердігерлігі шартындағы қосымша міндеттері. Тапсырысшының шарт бойынша жұмыстың орындалуын бақылауы мен қадағалауы. Мердігердің қоршаған ортаны қорғау және құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі міндеттері. Тараптардың құрылысты консервациялау кезіндегі міндеттері. Жұмыс нәтижелерін тапсыру және қабылдау. Мердігердің жұмыстардың сапасы үшін жауаптылығы. Құрылыс мердігерлігі шартындағы сапа кепілдіктері. Кемшіліктерді тапсырысшының есебінен жою.

Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарт. Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған бастапқы деректер. Жобалау-сметалық құжаттаманың және іздестіру жұмыстарының кемшіліктері үшін мердігердің жауаптылығы.

Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға шарттар. Шарттың тараптары. Жұмысты мердігердің (атқарушының) орындауы. Жұмысты тапсыру, қабылдау және оған ақы төлеу. Шарт туралы мәліметтердің құпиялылығы. Тараптардың жұмыс нәтижелеріне құқықтары. Тапсырысшының міндеттері. Мердігердің (атқарушының) міндеттері. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған шартта нәтижеге жету мүмкіндігі болмауының салдары. Тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шартта жұмыс нәтижесіне жету мүмкіндігі болмауының салдары. Мердігердің (атқарушының) шартты бұзғаны үшін жауапкершілігі.

21-тақырып. Қызмет көрсету жөніндегі шарттар. Өтелмелі қызмет көрсету шарты. Тасымалдау шарты. Кеме жалдау (чартер) шарты. Көлік экспедициясы шарты

Қызмет көрсету жөніндегі шарттардың ұғымы және белгілері. Қызмет азаматтық құқықтың объектілерінің дербес түрі ретінде. Мердігерлік және өтемелі қызмет көрсету шарттарының ажыратылуы. Қызмет көрсету жөніндегі шарттардың құқықтық табиғаты.

Өтелмелі қызмет көрсету шарты. Өтелмелі қызмет көрсету шартын орындау. Қызметке ақы төлеу. Өтелмелі қызмет көрсету шартының құқықтық реттелуі. Өтелмелі қызмет көрсету шартының кейбір түрлері: байланыс және ақпарат қызметі, медициналық қызметтер, әлеуметтік сипаттағы қызметтер,

мал дәрігерлік қызметтер, аудиторлық қызметтер, құқықтық қызметтер, туристтік-экскурсиялық қызметтер, спорттық-сауықтыру қызметтері, шипажай-емдеу қызметтері, мәдени-тамашалау қызметтері. Өтелмелі қызмет көрсету шартынның мазмұны.

Тасымалдау шарты. Жүктерді, жолаушыларды және қол жүгін тасымалдау. Көлік туралы заңнамалық актілерде қарастырылған көлік жүкқұжаты, коносамент, тауар-көлік жүкқұжаты. Жолаушыларды тасымалдау шартын рәсімдейтін құжаттар.

Кеме жалдау (чартер) шарты. Кеме жалдау (чартер) шартының тараптары: кемемен жалданушы, кеме жалдаушы. Аралас тасымалдау. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау. Жолаушылардың құқықтары. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелердің бұзылғаны үшін жауапкершілік. Тасымалдаушының тікелей аралас қатынас кезіндегі жауапкершілігі. Тасымалдаушының жолаушыны жөнелтуді кідірткені үшін жауапкершілігі. Жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалғаны, кем шыққаны және зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі. Жүктерді тасымалдау жөніндегі талаптар мен талап қоюлар. Тайм-чартердің мазмұны. Қосалқы кеме жалдау шарты (субтайм-чартер).

Көлік экспедициясы шарты: тараптары, нысаны. Экспедитордың міндеттерін үшінші тұлғаның атқаруы және де шарттың өзге де ережелері.

22-тақырып. Заем шарты. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты

Заем шарты: нысанасы, тараптары, нысаны, құқықтық табиғаты. Заем шартының жарамсыздығының негіздері. Заем пәнінің берілгендігін растайтын заемшының қолхаты және өзге де құжаттар. Заем шартының жасалуы. Заем шарты бойынша сыйақы. Сыйақыны төлеу тәртібі және мерзімі. Заем нысанасын беру. Нысаналы заем. Заемшының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету. Заем шартының талаптары. Заем нысанасын қайтару. Заем берушіге заем пәнін беру сәті. Заем пәнін бөліп-бөліп (кейінге қалдыру арқылы) қайтару. Заем нысанасын мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты қанағаттандыру мерзімі. Заем шартын даулау. Заем шартында міндеттемені жаңалау. Заем шартының тоқтатылуы. Мемлекеттік заем шарты. Банктік заем шарты. Банктік қарыз шартының және микрокредит беру туралы шарттың ерекшеліктері. Банктік заем шартының құқықтық реттелуінің ерекшеліктері. Банктік заем шартының пәні және субъектілік құрамы.

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты: тараптары, нысаны, құқықтық табиғаты. Қаржыландыруды алу мақсатындағы берілген ақшалай талап. Клиенттің қаржы агентінің алдындағы жауапкершілігі. Факторинг шартының өзара сипаты. Талапты беруге тыйым салудың жарамсыздығы. Ақшалай талапты кейін беру. Борышқордың қаржы агентіне ақшалай талапты орындауы. Қаржы агентінің борышқордан алынған сомаларға құқықтары. Борышқордың қарсы талаптары. Қаржы агенті алған сомаларды борышқорға қайтару. Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру кезінде ақшалай талап етуді беру.

23-тақырып. Банктік қызмет көрсету шарты. Банктік шот шарты. Ақша аударымы туралы шарт. Банктік салым туралы шарт

Банктік қызмет көрсету шарты. Банктік қызмет көрсету шартының субъектілік құрамы. Банктік қызмет көрсету шартының түрлері: банктік шот шарты, ақша аударымы туралы шарт, банктік салым туралы шарт және заңнамада немесе тараптардың келісінде көзделген шарттардың өзге де түрлері. Банктегі ақшаға билік етуді шектеу. Клиенттің ақшаны пайдалануына тыйым салу. Клиенттің келісімінсіз ақшаны алып қою. Клиенттің ақшасын алу кезектілігі. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызмет көрсетуі. Банктік қызмет көрсетуге ақы төлеу. Банк құпиясы. Клиенттерге банктік қызмет көрсету шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік.

Банктік шот шарты: құқықтық табиғаты, нысаны. Клиенттің ақшасына билік ету. Банктік шот шарты бойынша банк орындайтын операциялар. Ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы. Банктік шот шартын бұзу.

Ақша аудару туралы шарт. Ақша аудару туралы шартты жасасу. Қолма-қол емес төлемдер. Ақшаның азаматтық құқықтың объектісі ретіндегі құқықтық табиғаты. Ақша аудару туралы шарттың құқықтық табиғаты. Ақша аудару туралы шарттың елеулі ережелері.

Банк салымы шарты: құқықтық табиғаты, түрлері, нысаны, қолданыс мерзімі. Банк салымы шарты бойынша сыйақы. Банк салымы шарты бойынша сыйақы төлеудің тәртібі. Банк салымдарын қайтару. Талап етілмелі салымдар. Банк салымын қайтаруды қамтамасыз ету. Салым ретінде берілген ақшаға қатысты банк пен салымшының құқықтары. Банк салымы шартының жасалу сәті. Үшінші тұлғалардың пайдасына жасалған банктік салым шарты. Банктік салым шартының нысаны және талаптары. Банктік салым шартының қолданыс мерзімі.

24-тақырып. Сақтау шарты. Сақтаудың жекелеген түрлері. Сақтандыру шарты

Сақтау шарты: нысанасы, құқықтық табиғаты, тараптары. Затты сақтауға қабылдау туралы шарт. Затты сақтауға қабылдау міндеті. Заттарды иесіздендіріп сақтау. Сақтау шартының нысаны. Сақтау мерзімі. Сақтаушыға сыйақы беру және оның шығындарын өтеу. Сақтаушының заттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері. Сақтау жағдайларын өзгерту. Затты үшінші тұлғаға сақтауға беру. Сақтаушының заттың сақталмағандығы үшін жауапкершілігі. Затты алу мерзімдерін бұзудың зардабы. Сақтаушыға келтірілетін залалдардың орнын толтыру. Сақтаудың жекелеген түрлері. Сақтау шарты тараптарының өзге де құқықтары мен міндеттері.

Сақтандыру шарты. Міндеттілік деңгейі, сақтандыру объектісі, сақтандыру төлемін төлеу негіздері бойынша сақтандыру нысандары. Міндетті және ерікті сақтандыру. Сақтандыру объектісі. Міндетті сақтандыру жөніндегі ережелерді бұзудың салдарлары. Жеке және мүліктік сақтандыру. Қайта сақтандыру. Сақтандыру шартының нысаны. Сақтандыру ережелері. Сақтандыру шартының

мазмұны. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеуді кейінге қалдыру. Жинақтаушы сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіру. Өзара сақтандыру.

25-тақырып. Тапсырма шарты. Басқаның мүддесіне тапсырмасыз іс-әрекет жасау. Комиссия шарты. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты

Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымдарына шағым жасау, прокурордың өтінішхат келтіруі. Жеке шағым беру, өтінішхат келтіру объектілері, шағымдау тәртібі мен мерзімі. Жеке шағымды, прокурордың өтінішхатын қарау бойынша апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттіктері.

Заңды күшіне енген шешімге, ұйғарымға, апелляциялық қаулыға кассациялық тәртіпте шағым беру (наразылық келтіру) мәні мен мағынасы. Кассациялық тәртіпте шағым беру (наразылық келтіру) құқығы.

Кассациялық тәртіпте шағым беру (наразылық келтіру) объектісі, тәртібі және мерзімі.

Кассациялық шағым берудің (наразылық келтірудің) мазмұны. Кассациялық сотта істерді қараудың процестік тәртібі және мерзімі. Кассациялық шағымды (наразылықты) қарау шектері.

Азаматтық істер бойынша кассациялық соттың өкілеттіктері. Бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың шешімдерін, қаулыларын және ұйғарымдарын күшін жою негіздері.

Азаматтық істер бойынша кассациялық соттың актілері.

Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдарды және қаулыларды жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау азаматтық процестің сатысы ретінде. Сот актілерін қайта қарауың негіздері. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлардың жаңа дәлелдемелерден айырмашылығы. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша істі қайта қарау туралы арыз беру құқығы. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарайтын соттар. Жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша істі қайта қарау туралы арыз бойынша істі қайта қарау туралы арызды қараудың процестік тәртібі.

22-тақырып. Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша іс жүргізу

Шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың, шетелдік және халықаралық ұйымдардың азаматтық процестік құқықтары мен міндеттері. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық процестік әрекетке қабілеттілігі.

Шетелдік және халықаралық ұйымның процестік құқық қабілеттілігі.

Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарының құзыреті.

Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар қатысатын даулар бойынша азаматтық істердің соттылығы. Шетелдік соттағы іс жүргізудің маңызы.

Шет мемлекетіне талап қою.

Шет мемлекеттердің сот тапсырмаларын орындау. Шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін орындау. Орындауды талап етпейтін шетелдік соттардың шешімдерін тану.

Шет мемлекеттің юрисдикциялық иммунитеті және оның ерекшеліктері.

23-тақырып. Соттардың және басқа органдардың актілерін орындаумен байланысты іс жүргізу

Сот актілерін орындау азаматтық процестің сатысы ретінде.

Мәжбүрлеп орындату органдары. Атқарушылық іс жүргізудегі соттың рөлі. Атқарушылық іс жүргізудегі тараптар.

Мәжбүрлеп орындауға жататын актілер. Атқарушылық құжаттардың түрлері.

Атқару парағын беру тәртібі.

Орындаудың жалпы ережелері. Атқарушылық құжаттарды орындау мерзімдері.

Атқарушылық іс жүргізуді тоқтату. Атқарушылық құжаттарды өндіріп алушыға қайтару. Орындау бойынша шығыстар.

Борышкердің мүлкінен өндіріп алу. Борышкердің мүлкін айқындау және оған тыйым салу.

Өндіріп алынған сомаларды өндіріп алушылардың арасында бөлу.

Кейбір сот шешімдерін орындаудың ерекшеліктері.

Атқарушылық іс жүргізудегі өндіріп алушының, борышкердің және басқа да тұлғалардың құқықтарын қорғау.

Атқару санкциясы.

Төрелік шешімдерін орындау.

Ұсынылатын әдебиеттер

Нормативтік әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2026 жылғы 15 наурызда қабылданған <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>

2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000132>

3. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы Конституциялық заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000153>

4. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы Конституциялық заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155>

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>
6. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>
7. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі, 2015 жылғы 31 қазандағы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>
8. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
9. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
10. Қазақстан Республикасының Салық кодексі 2025 жылғы 18 шілдедегі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000214>
11. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000125>
12. «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 8 сәуірдегі. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000488>
13. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z100000261>
14. «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 ақпандағы Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000044>
15. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 30 желтоқсандағы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000178>
16. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>
17. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 30 қаңтардағы №64-НҚ нормативтік қаулысы <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/789530?lang=kk>
18. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 7 ақпандағы №66-НҚ нормативтік қаулысы <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/795361?lang=kk>
19. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 27 ақпандағы №68-НҚ нормативтік қаулысы <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/805078?lang=kk>
20. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 69-НҚ нормативтік қаулысы <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/828536?lang=kk>
21. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 75-НҚ нормативтік қаулысы <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/887985?lang=kk>

22. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 18 наурыздағы № 77-НҚ нормативтік қаулысы <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/984608?lang=kk>

23. «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы № 1 нормативтік қаулысы. http://adilet.zan.kz/rus/docs/P98000001S_

24. «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі № 1 нормативтік Қаулысы. http://adilet.zan.kz/rus/docs/P08000001S_

25. «Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу істерін қараудың сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2013 жылдың 13 желтоқсандағы № 4 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P130000004S>

26. «Сот төрелігіне қол жеткізу құқығы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот актілерін қайта қарау бойынша өкілеттіктері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылдың 15 қаңтарындағы № 1 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000001S>

27. «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылдың 22 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000013S>

28. «Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P00000005S>

29. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P180000015S>

30. «Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 21 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P01000021S>

31. «Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы № 13 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P02000013S>

32. «Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000005S>

33. «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000002S>

34. «Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңдарды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P06000009S>

35. «Сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау кезінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P170000012S>

36. «Азаматтық істер бойынша қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 2 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P09000002S>

37. «Соттардың Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 29-тарауының нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 20 Нормативтік қаулысы. Нормативтік қаулының тақырыбына өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 19 қаңтардағы № 2 нормативтік қаулысымен. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P100000020S>

38. «Соттардың азаматтық істер бойынша жеке ұйғарымдар шығару тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P10000001S>

39. «Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000002S>

40. «Соттардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын азаматтық істер бойынша қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000008S>

41. «Соттардың жер заңдарын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 6 нормативтік қаулысы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P07000006S>

42. «Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000004S>

43. «Соттардың салық заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 9 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000009S>,

44. «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 6 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000006S>

45. «Соттардың заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оңалту және олардың банкроттығы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері

туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2023 жылғы 2 қарашадағы № 2 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P230000002S>

46. «Соттардың төрелік заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2023 жылғы 2 қарашадағы № 3 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P230000003S>

47. «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2024 жылғы 28 қарашадағы № 1 Нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P240000001S>

Оқу әдебиеті:

1. Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан. – Астана: Библиотека Верховного Суда Республики Казахстан, 2016. – 808 с.

2. Баймолдина З.Х. Производство по пересмотру судебных актов по гражданским делам: Учебное пособие. – Алматы, 1998.

3. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Том 1. Общая часть (Темы 1-15). Учебник. Алматы: КазГЮА. 2001. – 416 с.

4. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. Том 2. Особенная часть (Темы 16-30). Учебник. Алматы: КазГЮА. 2001. – 468 с.

5. Гражданский процесс: Учебник (5-е издание, переработанное и дополненное) / Под ред. М.К. Треушниковой. – М.: Статут, 2014.

6. Аленов М.А. ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы. – Астана, 2011.

7. Егембердиев Е.О. Атқарушылық іс жүргізу: Оқу құралы. – Астана: Фолиант баспасы, 2006.

8. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. - 388 б.

9. Нұрмашев Ү., Нұрмашева Ф. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. – Алматы, 2009.

10. Новеллы гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан о производстве в суде первой инстанции: практическое пособие. – Алматы, 2016. – 232 с.

11. Бексултанова Р.Т. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Казусная технология. – Астана: Фолиант, 2014. – 440 с.

12. Борисова Е. А. Апелляция, кассация, надзор по гражданским делам: учеб. пособие / Е. А. Борисова. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма: ИНФРА-М, 2016.

13. Бюлов, Оскар. Учение о процессуальных возражениях и процессуальные предпосылки / пер. с нем. Д. С. Ксенофонтовой; отв. ред. Д. Х. Валеев. – Москва: Статут, 2019.

14. Васьяковский Е.В. Курс гражданского процесса: Субъекты и объекты процесса, процессуальные отношения и действия. – М.: Статут, 2016.

3-БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ

1-тақырып. Қылмыстық құқықтың түсінігі, пәні, әдісі, міндеттері мен принциптері.

2-тақырып. Қылмыстық заң.

3-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі және түрлері.

4-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы.

5-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі.

6-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы.

7-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі.

8-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы.

9-тақырып. Қылмыстық жауаптылық.

10-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі.

11-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары.

12-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу.

13-тақырып. Әрекеттің қоғамдық қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар.

14-тақырып. Жазаның түсінігі және мақсаттары, жазалар жүйесі және түрлері.

15-тақырып. Жаза тағайындау.

16-тақырып. Қылмыстық жауаптылықтан босату.

17-тақырып. Жазадан босату.

18-тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.

19-тақырып. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары.

20-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау.

21-тақырып. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

22-тақырып. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

23-тақырып. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

24-тақырып. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.

25-тақырып. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

26-тақырып. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

27-тақырып. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

28-тақырып. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

29-тақырып. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

30-тақырып. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

31-тақырып. Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

32-тақырып. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар.

33-тақырып. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар.

34-тақырып. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар.

35-тақырып. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.

36-тақырып. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

37-тақырып. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне, конституциялық іс жүргізуге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

38-тақырып. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар.

1-тақырып. Қылмыстық құқықтың түсінігі, пәні, әдісі, міндеттері мен принциптері

Қылмыстық құқық қазақстандық құқықтың дербес саласы ретінде. Қылмыстық құқықтың пәні және әдісі. Қылмыстық құқықтың іргелес құқық салаларынан реттеу пәні мен әдісі бойынша айырмашылығы. Қылмыстық құқықтың қорғаушылық және алдын алушылық функциясы. Қылмыстық құқықтың азаматтардың заңды мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлі. Қылмыстық құқықтың жүйесі: Жалпы және Ерекше бөліктер. Қылмыстық құқықтың салалық принциптері: заңдылық, әділділік, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, жеке кінәлі жауаптылық, ізгілік және репрессияны үнемдеу, жауаптылық пен жазаның болмай қоймайтындығы, жауаптылық пен жазаны жіктеу және жеке даралау. Қылмыстық құқықтың принциптерін заңнамалық бекіту мәселесі. Мемлекеттің қылмыстық саясатының тарихи шарттылығы. Заманауи Қазақстанның қылмыстық саясатының негізгі бағыттары. Қылмыстық құқық ғылымы.

2-тақырып. Қылмыстық заң

Жоғары заң күшіне ие, қылмыстық заңмен жазаланатын әрекеттер шеңберін айқындайтын кодификацияланған нормативтік құқықтық акт ретіндегі қылмыстық заңның түсінігі. Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасы. Қылмыстық заңнаманың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы талап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының құрамдас бөліктері ретінде. Қылмыстық заңның құрылымы. Қылмыстық-құқықтық норманың құрылымы. Қылмыстық-құқықтық нормалардың диспозициясы мен санкциясының түрлері. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күшінің принциптері: аумақтық, азаматтық, шынайы, әмбебап. Қылмыстық заңның уақыттағы күші. Кері күші бар қылмыстық заңдар. Қылмыстық заңды түсіндіру, түсіндірудің түрлері.

3-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі және түрлері

Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстарға және қылмыстық теріс қылықтарға ажырату негізіне алынған жіктер. Қылмыс түсінігі және белгілері. Қылмыс санаттары.

Әртүрлі негіздер бойынша қылмыстарды топтастыру. Қылмыстық теріс қылық түсінігі және белгілері. Әрекеттің мардымсыздығы. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзге құқық бұзушылықтар мен қоғамға жат қылықтардан айырмашылығы.

4-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі. «Қылмыстық құқық бұзушылық» және «қылмыстық құқық бұзушылық құрамы» ұғымдарының арақатынасы. Қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі ретіндегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері және белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері: қоғамдық қауіптілік дәрежесі бойынша; конструкциясы бойынша; құрылымы бойынша.

5-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түсінігі. Қылмыстық заң қылмыстық-құқықтық қорғау объектілері және олардың сатыламасы туралы. Қылмыстық құқық бұзушылық объектілерінің түрлері (тігінен жіктеу): жалпы, топтық, тікелей. Қылмыстық құқық бұзушылық объектілерін топтастырудың Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігін жүйелеу үшін маңызы. Көп объектілі қылмыстық құқық бұзушылықтардағы тікелей объектілердің түрлері (көлденеңінен жіктеу): негізгі, қосымша, факультативті. Қылмыстық құқық бұзушылық заты және оның саралаудағы маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мен затының арақатынасы. Жәбірленушінің жеке басы және оның саралаудағы маңызы.

6-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының түсінігі және маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағын сипаттайтын белгілер. Объективтік жақтың міндетті және факультативтік белгілері. Қоғамға қауіпті іс-әрекет. Әрекет және әрекетсіздік қоғамға қауіпті іс-әрекеттің нысандары ретінде. Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының түсінігі және түрлері. Материалды, формалды және келте құрамды қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоғамға қауіпті әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасындағы себептік байланыс. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау тәсілі, орны, уақыты, жағдайы, қаруы мен құралы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағын сипаттайтын белгілер ретінде.

7-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің түсінігі және маңызы. Қылмыстық жауаптылық жасына жету қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің міндетті белгісі ретінде. Жауаптылық 14 жастан бастап белгіленген қылмыстық құқық бұзушылықтар. Есі дұрыстық қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің міндетті белгісі ретінде. Шектеулі есі дұрыстық және жасы бойынша шектеулі есі дұрыстық, олардың қылмыстық жауаптылыққа

ықпалы. Есі дұрыс еместік түсінігі. Есі дұрыс еместіктің құқықтық және медициналық жіктері. Қоғамға қауіпті әрекетті жасаған адамды есі дұрыс емес деп танудың құқықтық салдары. Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісінің түсінігі және түрлері. Қазақстанда заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу перспективалары.

8-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының түсінігі және маңызы. Кінә қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде. Кінә мазмұнындағы интеллектуалдық және еріктік компоненттердің арақатынасы кінә нысандарын ажырату жіктері ретінде. Қасақаналық және оның түрлері. Абайсыздық және оның түрлері. Объективті айып тағуға жол бермеу. Кінәсіздікпен зиян келтірудің заңда бекітілген түрлері. Бір қылмыстық құқық бұзушылықта кінәнің екі нысанының тоғысу мүмкіндігі. Кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық. Ниет және мақсат қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгілері ретінде. Қылмыстық құқықтағы жаңылысудың түсінігі және түрлері. Фактіден жаңылысудың кінә мен қылмыстық жауаптылыққа әсері.

9-тақырып. Қылмыстық жауаптылық

Құқықтық жауаптылықтың дербес түрі ретіндегі қылмыстық жауаптылық түсінігі. Қылмыстық жауаптылықтың мәні және оның түрлері (позитивті және ретроспективті). Қылмыстық жауаптылықтың заңнамада бекітілген негізі. Қылмыстық жауаптылық негізі (негіздері) туралы сұрақтың теориялық қырлары. Қылмыстық жауаптылық және қылмыстық-құқықтық қатынастар. Қылмыстық-құқықтық қатынастардың субъектілері және мазмұны. Қылмыстық жауаптылықтың пайда болуы, іске асырылуы және тоқтатылуы. Жаза мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық жауаптылықты іске асыру нысандары ретінде.

10-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің түсінігі және түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің күрделі дара: жалғаспалы, созылмалы, құрамдас, баламалы әрекетті, баламалы салдарлы, кінәнің екі нысанмен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің тек заңда бекітілген нысандарда ғана болатындығы. Қылмыстардың немесе қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы. Бірнеше рет жасаудың саралауға және жазаға әсері. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығының түсінігі, белгілері және түрлері. Жиынтықтың саралауға және жазаға әсері. Қылмыстардың қайталануының түсінігі, белгілері және түрлері. Қайталанудың жазаға әсері.

11-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары

Қасақана қылмыс сатыларының түсінігі және түрлері. Қасақаналықтың

ашылып қалуының жазаланбайтындығы. Дайындалу және оқталу аяқталмаған қылмыстың түрлері ретінде. Қылмысқа дайындалудың түсінігі және белгілері. Дайындалудың қасақаналықтың ашылып қалуынан айырмашылығы. Қылмысқа дайындалудың жазалануының шектері. Қылмысқа оқталудың түсінігі және белгілері. Қылмысқа оқталудың дайындалудан және аяқталған қылмыстан айырмашылығы. Қылмысқа оқталудың түрлері. Қылмысқа оқталудың жазалануының шектері. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының конструкциясы және оның аяқталу сәті. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тартудың түсінігі, белгілері және құқықтық салдары. Өз еркімен бас тартудың шынайы өкінуден айырмашылығы.

12-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу түсінігі. Сыбайлас қатысудың объективтік және субъективтік белгілері. Ортақ қылмыстық құқық бұзушылықта атқаратын функцияларының сипатына қарай сыбайлас қатысушылардың түрлері: орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші. Сыбайлас қатысу нысандары, оларды ажырату жіктері. Адамдар тобының, алдын ала сөз байласқан адамдар тобының, қылмыстық топтың құқықтық сипаттамасы. Қылмыстық топтың түрлері және олардың өзіндік белгілері. Сыбайлас қатысу нысандарының саралауға және жазаға әсері. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушының шектен шығуы. Арнайы субъектілі қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу. Сәтсіз сыбайластық үшін жауаптылық. Сыбайлас қатысушының қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тартуының ерекшеліктері. Сыбайлас қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негіздері мен шектері. Қылмысқа жанасушылықтың түсінігі, оның нысандары және қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысудан айырмашылығы.

13-тақырып. Әрекеттің қоғамдық қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар

Қылмыстық құқық бойынша әрекеттің қоғамдық қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлардың түсінігі, олардың құқықтық табиғаты мен түрлері. Әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар институтының маңызы. Қажетті қорғаныс. Қажетті қорғаныстың заңды болуының шарттары. Қажетті қорғаныс шегінен шығу. Жалған қорғану және оның құқықтық салдары. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру. Ұсталатын адамға зиян келтірудің заңды болуының шарттары. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу үшін жауаптылық. Аса қажеттілік. Аса қажеттілік жағдайында зиян келтірудің заңды болуының шарттары. Аса қажеттіліктің қажетті қорғаныстан айырмашылығы. Жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыру. Жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыруда зиян келтірудің заңды болуының шарттары. Негізді тәуекел ету және оның заңды

болуының шарттары. Тойтарылмайтын күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын дербес мән-жай ретінде. Бұйрықты немесе өкімді орындау.

14-тақырып. Жазаның түсінігі және мақсаттары, жазалар жүйесі және түрлері

Қылмыстық жазаның түсінігі және мәні. Жаза белгілері. Жазаның өзге мемлекеттік мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы. Жазаның қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының жүйесіндегі орны. Жаза мақсаттары. Қылмыстық жазалардың тиімділігі ұғымы. Заманауи Қазақстандағы бас бостандығынан айыруға байланысты емес қылмыстық жазаларды қолдану аясын кеңейту саясаты.

Қылмыстық жаза жүйесінің түсінігі және маңызы. Қылмыстық заңнамада және қылмыстық құқық теориясында жазаларды әралуан жіктер бойынша топтастыру. Негізгі жазаның аралас (қылмыстық теріс қылық үшін де, қылмыс үшін де тағайындалатын) түрлерінің сипаттамасы: айыппұл; түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту. Тек қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын негізгі жазалардың сипаттамасы: қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу. Тек қылмыстар үшін тағайындалатын негізгі жазалардың сипаттамасы: бас бостандығын шектеу; бас бостандығынан айыру. Қазақстанның өлім жазасынан бас тартуы. Қосымша жазалардың сипаттамасы: мүлікті тәркілеу; арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру; белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру; шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу. Қосымша жазаларды өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына трансформациялау перспективасы.

15-тақырып. Жаза тағайындау

Жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің түсінігі. Жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің мазмұнын құрайтын ережелер (талаптар), оларды бұлжытпай сақтаудың маңызы. Жаза тағайындағанда ескерілуге тиіс мән-жайлар. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың түрлері. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Жаза мерзімдерін қосу кезінде мерзімдерді айқындау. Жаза тағайындаудың жеке (арнайы) негіздері: аяқталмаған қылмыс үшін; сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін; қылмыстардың қайталануы кезінде жаза тағайындау. Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу.

Шартты түрде соттаудың бас бостандығынан айыруға балама қылмыстық-

құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі түсінігі және құқықтық табиғаты. Соттың сотталған адамның бас бостандығынан айыру жазасын өтемей-ақ түзелуі мүмкін деген түйінге келуі шартты түрде соттауды қолданудың негізі ретінде. Шартты түрде соттауды қолдану шарттары. Шартты түрде соттауды қолдануға шектеулер. Шартты түрде соттау кезіндегі пробациялық бақылау. Пробациялық бақылау мерзімінің ұзақтығы. Пробациялық бақылау мерзімін қысқарту және ұзарту негіздері. Шартты түрде соттаудың күшін жою. Теріс негіздер бойынша шартты түрде соттаудың күшін жоюдың құқықтық салдары.

16-тақырып. Қылмыстық жауаптылықтан босату

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түсінігі, қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтың іргелес институттарынан айырмашылығы. Қылмыстық жауаптылықтан босату институтының маңызы. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлері: жалпы және арнайы. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың жалпы түрлері: шынайы өкінуіне байланысты; қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде; ынтымақтастық туралы процестік келісімнің талаптары орындалған кезде; кінәні мойындау және заңсыз иемденілген активтерді қайтару туралы процестік келісімнің шарттарын орындаған кезде; татуласуға байланысты; жағдайдың өзгеруіне байланысты; ескіру мерзімінің өтуіне байланысты; рақымшылық актісі негізінде. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігімен көзделген арнайы түрлері.

17-тақырып. Жазадан босату

Жазадан босатудың түсінігі. Жазадан босату институтының маңызы. Жазадан босатудың түрлері: ынтымақтастық туралы процестік келісімнің талаптары орындалған кезде; кепілгерлік белгіленуіне байланысты босату; жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату; жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту; жазаны өтеуді кейінге қалдыру; ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату; ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру; айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату; рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде жазадан босату. Сотталғандық қылмыс үшін сотталудың құқықтық салдары ретінде. Сотталғандықты жою мерзімдері.

18-тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

Он сегіз жасқа дейін қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың қылмыстық жауаптылығының жалпы мәселелері. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындаудың ерекшеліктері. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары, олардың мазмұны және қылмыстық жазадан айырмашылығы. Он сегіз жасқа дейін қылмыстық заңмен жазаланатын әрекет жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың ерекшеліктері. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының өзге

де ерекшеліктері. Қазақстанның қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату шарттарын кеңейту арқылы кәмелетке толмағандарды қылмыстық қудалау аясын біртіндеп тарылтуға бағыты.

19-тақырып. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түсінігі, қолдану мақсаттары мен құқықтық табиғаты. Бұл шаралардың жазадан айырмашылығы. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын адамдар шеңбері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұзарту, өзгерту және тоқтату. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылғаннан кейін жаза тағайындау. Жазаны орындаумен біріктірілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Мәжбүрлі төлем және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ретінде.

20-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың кезеңдері. Қылмыстық заңды дұрыс қолдану үшін қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін нақты анықтаудың маңызы. Қылмыстық құқық ғылымымен және құқық қолдану тәжірибесімен әзірленген қылмыстарды (қылмыстық теріс қылықтарды) саралаудың жалпы ережелері.

21-тақырып. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

ҚР Конституциясы жеке адамға қол сұғылмаушылық, Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері, адам өмірі мен денсаулығын қорғау туралы. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Өмірге қарсы қылмыстар. Адам өлтірудің түсінігі және түрлері. Адам өлтіруді адамды қазаға ұшыратумен байланысты басқа қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырату. Өмірге қарсы басқа да қылмыстар. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Денсаулыққа зиян келтірудің ауырлық дәрежесіне қарай түрлері. Абайсызда жәбірленушінің өліміне алып келген денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру мен адам өлтірудің айырмашылығы. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері, олардың адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Жыныстық бостандық пен жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар. Адамның жеке бас бостандығына қарсы қылмыстар. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Шынайы өкінудің арнайы түрлерінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату.

22-тақырып. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы

қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы отбасы мен кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғау туралы. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.

23-тақырып. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Адамның және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамның және азаматтың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамның және азаматтың экономикалық-әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

24-тақырып. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері. Нюрнберг трибуналының Жарғысы бойынша бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды топтастыру. Бейбітшілікке қарсы қылмыстар. Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар. Мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығына қарсы қылмыстар.

25-тақырып. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік қауіпсіздікті, тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты қорғау туралы. Конституциялық құрылыстың негіздеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар; мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар).

26-тақырып. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы меншік нысанына қарамастан, оны қорғау туралы. Меншік материалдық әлемнің заттарын иелену, пайдалану және билік ету бойынша адамдар арасындағы қатынастарды бейнелейтін экономикалық категория ретінде. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Бөтен мүлікті жымқырудың

түсінігі, белгілері. Жымқырудың нысандары (ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, тонау, қарақшылық) және түрлері (ұсақ-түйек, ірі мөлшерде, аса ірі мөлшерде). Меншікке қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстар. Жымқыру болып табылмайтын меншікке қарсы пайдакүнемдік қол сұғушылықтар. Бөтен мүлікті жою немесе бүлдіру.

27-тақырып. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Электрондық жеткізгіште қамтылған, заңмен қорғалатын ақпараттың құпиялылығына, тұтастығына және қолжетімділігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзге де түрлері. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды пайдалана отырып жасалатын өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырату.

28-тақырып. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы экономикалық қызметті және шаруашылық субъектілерінің мүдделерін қорғау туралы. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Ақша-несие саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қаржылық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Кедендік қылмыстық құқық бұзушылықтар. Салықтық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Банкроттықпен байланысты экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Тұтынушылардың құқықтарын бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар Экономикалық қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстар. Экономикалық қызмет саласындағы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.

29-тақырып. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Өкілеттіктерді теріс пайдалану. Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы. Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы. Параға коммерциялық сатып алу. Міндеттеріне адал қарамау.

30-тақырып. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қауіпсіздіктің арнайы ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар. Жалпыға қауіпті заттармен жұмыс істеудің белгіленген тәртібін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

31-тақырып. Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы халықтың денсаулығын қорғау және имандылық туралы. Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің өткізу мақсатындағы және өткізу мақсатынсыз заңсыз айналымы. Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

32-тақырып. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар

Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері. Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет немесе кәсіби міндеттерін орындамаумен байланысты медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Басқа да медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырату.

33-тақырып. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы қоршаған ортаны, адамның өмір сүру ортасын қорғау туралы. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Экономикалық маңызды қызмет аясындағы экологиялық қауіпсіздіктің жалпы ережелеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоршаған ортаның жекелеген компоненттері аясындағы экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоршаған ортаның құрамдас бөлігі ретінде флора мен фаунаның экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар: түсінігі және түрлері.

34-тақырып. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар

Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Теміржол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Автоматокөлік пен қалалық электркөлігінің жүрісі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Басқа да көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар.

35-тақырып. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің маңызы. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстар. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың арнайы субъектілері. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.

36-тақырып. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Билік өкіліне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының бұзылмаушылығына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Ресми құжаттардың, мемлекеттік наградалардың және арнайы құралдардың айналым тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қарулы күштердің жасақталу тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Мемлекет беделіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Азаматтардың өз құқықтарын жүзеге асыру тәртібіне қол сұғу. Жария және басқа да шараларды өткізудің заңмен бекітілген тәртібіне қол сұғу. Мемлекеттік және қоғамдық институттардың өзара әрекеттесуі қағидаларын және басқа да бекітілген қағидаларды бұзумен байланысты қолсұғушылықтар.

37-тақырып. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне, конституциялық іс жүргізуге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы сот төрелігі мүдделерін қорғау туралы. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне, конституциялық іс жүргізуге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Сот төрелігінің конституциялық қағидастарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Құқыққорғау органдарының өз міндеттері мен мақсаттарына сәйкес қалыпты қызметін қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Іс бойынша анық дәлелдемелерді алуды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Сот актілерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

38-тақырып. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы Республиканың Қарулы күштерінде борышын өтеу, әскери қызметті өту тәртібі мен түрлері туралы.

Әскери қызметшілер арасындағы бағыныстылық пен жарғылық қарым-қатынас тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери қызметті атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери қызметтің арнайы түрлерін атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери сыбайлас жемқорлық қылмыстар. Әскери сыбайлас жемқорлық қылмыстардың субъектілері. Әскери құпияны сақтау тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери мүлікті пайдалану мен сақтау тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қару-жарақты ұстау және әскери техниканы пайдалану тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Соғыс уақытындағы әскери қызметті атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Ұсыналатын әдебиеттер:

Нормативтік әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2026 жылғы 15 наурызда қабылданған <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
3. «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>
4. «Пробация туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000038>
5. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2025 жылғы 30 желтоқсандағы ҚР Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000245>
6. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z9900000416>
7. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 қаңтардағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0500000031>
8. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z9800000339>
9. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z15000000410>
10. «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z9800000279>
11. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U21000000674>
12. «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімін, Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені, Есірткі, психотроптық

заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 470 қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000470>

13. «Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Әділет министрінің 2017 жылғы 27 әуірдегі № 484 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015180>

14. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 18 мамырдағы № 14-НҚ нормативтік қаулысы «О рассмотрении на соответствие Конституции Республики Казахстан статьи 197 Уголовного кодекса Республики Казахстан от 3 июля 2014 года» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000014>

15. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 16 қарашадағы № 35-НҚ нормативтік қаулысы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысының 20-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/S2300000035>

16. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 3 қазандағы № 31-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 214-бабы ескертуінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000031>

17. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 37-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 428-бабы үшінші бөлігінің және 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 130-бабы екінші бөлігі 2) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000037>

18. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 16 мамырдағы № 44-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабы сегізінші бөлігі 4) тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000044>

19. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 11 шілдедегі № 48-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабы сегізінші бөлігі 1) тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000048>

20. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 25 маусымдағы № 72-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 245-бабы үшінші бөлігінің «қылмыстық топ» деген сөздерге қатысты және 262-бабының Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың бандитизм және қылмыстық

құқық бұзушылықтарға қатыса отырып, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы № 2 нормативтік қаулысының 11 және 13-тармақтарының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы»
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2500000072>

21. «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P08000001S>

22. «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 15 нормативтік қаулысы
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000015S>

23. «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000011S>

24. «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000008S>

25. «Соттардың бандитизм және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатыса отырып, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 2 нормативтік қаулысы
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000002S>

26. «Соттардың қылмысқа қатыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылыққа дем берушілік үшін жауаптылық туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 14 нормативтік қаулысы
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000014S>

27. «Қажетті қорғану туралы заңнаманы қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысы
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000002S>

28. «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>

29. «Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы № 7 Нормативтік қаулысы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000007S>

30. «Қазақстан Республиксы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000004S>

31. «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы» ҚР

Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі № 7 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000007S>

32. «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы № 6 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000006S>

33. «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі № 6 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000006S>

34. «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000001S>

35. «Адамның жыныстық тиіспеушілігіне және жыныстық бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2026 жылғы 26 ақпандағы № 1 нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P260000001S>

36. «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P120000007S>

37. «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S>

38. «Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000007S>

39. «Мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелерін реттейтін заңнаманың кейбір нормаларын қылмыстық сот ісін жүргізуде қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P130000003S>

40. «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S>

41. «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі нормативтік қаулысы

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P95000004S>

42. «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000006S>

43. «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000006S>

44. «Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P97000010S>

45. «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1997 жылғы 18 шілдедегі № 10 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P97000010S>

46. «Есірткінің, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысты істер бойынша заңнаманы қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы № 3 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P98000003S>

47. «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 3 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000003S>

48. «Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000011S>

49. «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P04000001S>

50. «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000008S>

51. «Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P110000003S>

52. «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P98000001S>

53. «Сот актілерін орындамағаны үшін жауаптылық туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000012S>

54. «Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы № 6

Оқу әдебиеті:

1. Борчашвили И.Ш. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы бөлік. 1-том. Алматы: Жеті жарғы, 2021. – 820 б.

2. Борчашвили И.Ш. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Ерекше бөлік. 2-том. Алматы: Жеті жарғы, 2021. – 1116 б.

3. Борчашвили И.Ш. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Ерекше бөлік. 3-том. Алматы: Жеті жарғы, 2021. – 924 б.

4. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Том 1 (статьи 1-186) /Под общ. ред. Рахметова С.М., Рогова И.И. – Астана, 2025. – 544 с.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Том 2 (статьи 187-316) /Под общ. ред. Рахметова С.М., Рогова И.И. – Астана, 2025. – 474 с.

6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Том 3 (статьи 317-466) /Под общ. ред. Рахметова С.М., Рогова И.И. – Астана, 2025. – 398 с.

7. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлік: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық /Жауапты редакторлар Қ.Ж. Балтабаев, А.Ә. Биебаева, Б.К. Сыздық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2022. - 448 б.

8. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. 1-том (1-10 тараулар): Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Жауапты редакторлар – Қ.Ж. Балтабаев, А.Ә. Биебаева. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 468 б.

9. Уголовное право Республики Казахстан: Особенная часть в 2 т. (главы 11-18). Учебник для вузов /отв. ред. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж., Коробеев А.И. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. – 540 с.

10. Жукенов А.Т. Комментарий к нормативным постановлениям Верховного Суда Республики Казахстан о судебной практике по уголовным делам (в 4-х томах). 2025.

4-БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ

1-тақырып. Қылмыстық-процестік құқықтың түсінігі, мәні және міндеттері.

2-тақырып. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін айқындайтын заңнама.

3-тақырып. Қылмыстық процестің қағидаттары.

4-тақырып. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен адамдар.

5-тақырып. Қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар. Қарсылық білдіру.

6-тақырып. Қылмыстық процеске қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

7-тақырып. Қылмыстық қудалау. Кәсіби қорғау.

8-тақырып. Процестік мәжбүрлеу шаралары.

9-тақырып. Өтініхаттар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану.

10-тақырып. Қылмыстық процестегі мүліктік мәселелер.

11-тақырып. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу.

12-тақырып. Процестік мерзімдер.

13-тақырып. Процестік құжаттар. Процестік шешімдер.

14-тақырып. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу.

15-тақырып. Сот бақылауы. Тергеу судьясының процестік өкілеттіктері.

16-тақырып. Дәлелдемелер теориясының негіздері.

17-тақырып. Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу.

18-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізудің жалпы шарттары.

19-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы.

20-тақырып. Тергеу әрекеттері.

21-тақырып. Жасырын тергеу әрекеттері.

22-тақырып. Адамды күдікті деп тану және күдіктінің әрекеттерін саралау.

23-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қайта бастау, күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау, жоғалған қылмыстық істерді қалпына келтіру.

24-тақырып. Басты сот талқылауын тағайындау. Соттылық.

25-тақырып. Басты сот талқылауының жалпы шарттары.

26-тақырып. Басты сот талқылауы.

27-тақырып. Заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық шағым жасау, оларды прокурордың өтініхаты бойынша қайта қарау.

28-тақырып. Сот шешімдерін орындау.

29-тақырып. Қылмыстық істер бойынша кассациялық сот. Сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау.

30-тақырып. Іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау.

31-тақырып. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша іс жүргізудің

ерекшеліктері.

32-тақырып. Үкім шығарылғанға дейін тәркілеу жүргізу.

33-тақырып. Жекеше айыптау істері бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері.

34-тақырып. Есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу.

35-тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізу.

36-тақырып. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері.

37-тақырып. Қылмыстық істерді келісімдік іс жүргізуде қарау.

38-тақырып. Бұйрықтық іс жүргізу.

39-тақырып. Алқабилердің қатысуымен істер бойынша іс жүргізу.

40-тақырып. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

1-тақырып. Қылмыстық-процестік құқықтың түсінігі, мәні және міндеттері

Қылмыстық-процестік құқықтың және қылмыстық процестің түсінігі. Қылмыстық-процестік саясат. Қылмыстық-процестік құқық ұлттық құқықтың дербес саласы ретінде. Құқықтық реттеу әдістері. Қылмыстық сот ісін жүргізу туралы нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу ережелері. «Қылмыстық-процестік құқық», «қылмыстық процесс» ұғымдарының ара қатынасы. Қылмыстық-процестік құқық және қылмыстық-процестік қызмет. Қылмыстық-процестік заңның кеңістікте, уақытта және адамдар арасында әрекет етуі. Қылмыстық-процестік кодекстің және қылмыстық-процестік норманың құрылымы. Қылмыстық процестің мақсаттары мен міндеттері. Қылмыстық процесс міндеттерінің оның қағидаттарымен байланысы. Қылмыстық-процестік міндеттер. Қылмыстық-процестік нысан және оны жіктеу. Қылмыстық-процестік құқықтың құқықтың өзге салаларымен өзара байланысы.

Қылмыстыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесіндегі қылмыстық процестің тәрбиелік-алдын алушылық міндеті. Қылмыстық-процестік шешімдердегі алдын алушылық жұмыс.

2-тақырып. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін айқындайтын заңнама

Конституциялық құқық қылмыстық-процестік заңнаманың қайнар көзі ретінде. 2026 жылғы 15 наурыздағы ҚР Конституциясы. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңы.

2014 жылғы 4 шілдедегі ҚР Қылмыстық-процестік кодексі қылмыстық-процестік құқықтың тікелей қайнар көзі ретінде. ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің ҚР Қылмыстық кодексінің нормаларын жүзеге асырудағы маңызы. ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің Жалпы және Ерекше бөліктерінің мазмұны.

Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін анықтайтын заңнаманың өзге қайнар

көздері. ҚР ратификациялаған халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларының талаптары. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция. Қылмыстық процестегі құқық қорғаушылық, арнайы, қадағалаушылық және азаматтардың құқықтарын қорғау қызметтерін реттейтін заңдар. Құқықтық көмек және ұстап беру жөніндегі келісімдер.

ҚР Конституциялық Сотының және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары және олардың қылмыстық-процестік заңнаманың мазмұнына әсері. ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында қылмыстық-процестік құқық мәселелерін түсіндіру.

ҚПК нормаларының құқықтың өзге салаларының нормаларымен өзара байланысы.

3-тақырып. Қылмыстық процестің қағидаттары

Қылмыстық процесс қағидаттарының түсінігі, маңызы және белгілері. Қылмыстық процесс қағидаттарының жүйесі және оларды топтастыру.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін айқындайтын қағидаттар: түсінігі және жүйесі. Заңдылық. Жеке басқа қолсұғылмаушылық. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы. Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық. Меншікке қолсұғылмаушылық. Кінәсіздік презумпциясы. Қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік. Куәлік айғақтар беру міндетінен босату. Процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы.

Сот билігін жүзеге асырудың негіздерін айқындайтын қағидаттар. Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау. Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру. Судьялардың тәуелсіздігі. Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру. Жариялылық.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың қылмыстық-процестік қызметінің негіздерін айқындайтын қағидаттар: түсінігі және жүйесі. Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау. Қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету. Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі.

4-тақырып. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен адамдар

Қылмыстық процеске қатысушылардың түсінігі және оларды топтастыру. Қылмыстық процеске қатысушылардың субъективтік құқықтары мен құқықтық міндеттері. Қылмыстық процеске қатысушыларды: қылмыстық процесс

субъектілерінің түрлері; қылмыстық процесс сатылары; қылмыстық-процестік құқықтық қатынастардың сипаты бойынша топтастыру. Қылмыстық процеске қатысушыларды ҚР ҚПК бойынша топтастыру.

Сот. Қылмыстық істер бойынша сот билігінің конституциялық маңызы. Сот құрамы, соттың сот билігін іске асырушы ретіндегі қылмыстық процестің сотқа дейінгі және сот сатыларындағы өкілеттіктері. Судьяның процестік мәртебесі. Судьяның және тергеу судьясының өкілеттіктері. Іс бойынша төрағалық етушінің процестік мәртебесінің ерекшеліктері.

Қылмыстық қудалау міндеттерін атқаратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар. Қылмыстық процестегі прокурордың конституциялық міндеттері. Тергеу бөлімі бастығының процестік өкілеттіктерінің көлемі. Тергеу бөлімі бастығының ведомстволық процестік бақылауды жүзеге асыруы. Тергеушінің процестік мәртебесі және міндеттерін іске асыруы. Анықтау органдары және олардың жалпы құзыреті. Мамандандырылған анықтау органдары. Анықтау органы бастығының өкілеттіктері. Анықтаушының процестік мәртебесі және оның тергеушіден айырмашылығы.

Қылмыстық процестің өзінің немесе өздері өкілі болып табылатын адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын қатысушылары. Күдікті түсінігі, оның құқықтары мен міндеттері. Айыпталушының процестік мәртебесі. Қорғалуға құқығы бар куә. Қорғаушы болып табылатын адамдардың санаттары. Қорғаушының міндетті түрде қатысуы. Қорғаушының өкілеттіктері. Жәбірленуші. Жекеше айыптаушы. Азаматтық талапкер. Азаматтық жауапкер. Кәмелетке толмаған айыпталушының, күдіктінің заңды өкілдері. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жекеше айыптаушының өкілдері. Азаматтық жауапкердің өкілдері.

Қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдар. Куә. Сарапшы және маман. Аудармашы. Куәгер. Сот отырысының хатшысы. Сот приставы. Медиатор.

Процеске қатысушы деп тануды талап ету құқығы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысатын адамдарға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және оларды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету міндеті.

5-тақырып. Қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар. Қарсылық білдіру

Қарсылық білдіру институты заңдылық пен адам құқықтарының кепілдігі ретінде. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлардың түсінігі. Оларға қатысты қарсылық білдірілуі мүмкін адамдар.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар. Судьяның істі қарауға қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлардың тізімі. Судьяның мүдделілігін көрсететін мән-жайлар.

Қарсылық білдіру негіздері мен тәртібі. Прокурорға, тергеушіге, анықтаушыға, қорғаушыға, жәбірленушінің (жекеше айыптаушының) өкілдеріне, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге, куәгерге, сот отырысы хатшысына, сот приставына, аудармашыға, сондай-ақ сарапшыға және маманға қарсылық білдірудің қосымша және арнайы мән-жайлары.

Қарсылық білдірудің процестік тәртібі және оны шешу.

6-тақырып. Қылмыстық процеске қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Қылмыстық процеске қатысушыларды мемлекеттік қорғаудың дамуының негізгі кезеңдері. Халықаралық құқық нормалары мен қағидаттарындағы және шетел құқығындағы қылмыстық процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қауіпсіздік шаралары. Қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз ету жөнінде шешім қабылдау тәртібі және оны қылмыстық процестің сотқа дейінгі және соттағы сатыларында жүзеге асыру.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде қауіпсіздігін қамтамасыз ету талабының күші жүретін құқықтық қатынастардың субъектілері. Іс бойынша іс жүргізу үдерісіне заңсыз араласу үшін қылмыстық жауаптылық. Қылмыстық процесті жүргізуші органның қауіпсіздік шараларын қолдану тәртібі. Мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың құқықтары. Процестік және процестік емес қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру нысандары. Қауіпсіздік шараларының күшін жою. Өкілетті мемлекеттік органдардың қылмыстық процеске қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты шығындарды жүзеге асыру тәртібі.

Куәлар мен жәбірленушілерді тәни қорғау. Куәлардың құпиялылығын және құқықтық қорғалуын қамтамасыз етудің әдістері мен тәсілдері.

7-тақырып. Қылмыстық қудалау. Кәсіби қорғау

Қылмыстық қудалаудың түсінігі және мазмұны. «Қылмыстық қудалау» және «айыптау» ұғымдары. Қылмыстық қудалауды іске асыру нысандары. Жекеше және жекеше-жариялы айыптау нысандарының мазмұны. Қылмыстық қудалаудың жариялы нысаны.

Қылмыстық істер бойынша білікті құқықтық көмектің конституциялық негіздері. Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттары жүйесіндегі қорғалу құқығы. Күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталушыларды қылмыстық қудалаудан қорғау құқығын қамтамасыз етудің халықаралық стандарттары және оларды ұлттық қылмыстық-процестік заңға имплементациялау.

Қылмыстық процестің функциялары жүйесіндегі қорғау функциясы. Қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғаудың мәні мен маңызы, оның мақсаттары мен міндеттері. Қорғау шектері. Қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғау және дәлелдеу. Қорғауға құқығы бар куәларды кәсіби қорғаудың ерекшеліктері.

8-тақырып. Процестік мәжбүрлеу шаралары

Процестік мәжбүрлеу шараларының түсінігі, белгілері және оларды топтастыру. Процестік мәжбүрлеу мемлекеттік мәжбүрлеудің бір түрі ретінде. Процестік мәжбүрлеудің мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге түрлерінен айырмашылығы. Процестік мәжбүрлеудің қылмыстық-процестік санкциялар мен қылмыстық-процестік жауаптылықтан айырмашылығы. Процестік мәжбүрлеу шараларын қолданудың жалпы шарттары. Процестік мәжбүрлеу

шараларын қолдануға кедергі болатын мән-жайлар. Процестік мәжбүрлеу шараларының түрлері.

Күдіктіні ұстап алу процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде. Ұстап алу негіздері. Жеткізу. Азаматтардың қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды процестік емес ұстап алу құқығы. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамды процестік ұстап алу тәртібі. Ұсталған адамның жеке басын тінту. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұсталған адамды босатудың негіздері. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұсталғандарды қамауда ұстау тәртібі. Күдіктінің туыстарына оның ұсталғандығы туралы хабарлау.

Бұлтартпау шараларының түсінігі, оларды топтастыру. Тәни мәжбүрлейтін және психологиялық мәжбүрлейтін бұлтартпау шаралары. Айыпталушының жеке сөз беруіне негізделген бұлтартпау шаралары. Мүліктік жауаптылыққа негізделген бұлтартпау шаралары. Үшінші адамдардың әрекеттеріне негізделген бұлтартпау шаралары.

Бұлтартпау шараларын қолдану үшін негіздер. Бұлтартпау шаралары және қосымша шектеулер. Бұлтартпау шараларын таңдау және қосымша шектеулер белгілеу кезінде ескерілетін мән-жайлар. Күдіктінің әрекеттерін саралау туралы қаулы шығарылғанға дейін бұлтартпау шарасын қолдану. Бұлтартпау шараларын қолдану тәртібі.

Бұлтартпау шараларының түрлері және сипаттамасы. Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат. Жеке кепілгерлік. Әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауына беру. Кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру. Кепіл. Ұйқамақ. Күзетпен ұстау. Тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарауы. Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған күдіктілерді ұстау. Күзетпен ұстау мерзімдері және оларды ұзарту тәртібі. Тергеу судьясының күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты қарауы және мерзімдерді есептеуі. Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту. Қамқоршылыққа және мүлкінің қаралуына құқық.

«Өзге де процестік мәжбүрлеу шараларының» түсінігі және мазмұны. Өзге де процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін негіздер. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға және сотқа келу туралы міндеттеме. Күштеп әкелу. Лауазымынан уақытша шеттету. Ақшалай өндіріп алу. Мүлікке тыйым салу. Мүлікке тыйым салуды санкциялау тәртібі. Тергеу судьясының мүлікке тыйым салуды санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулысын прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарау және оған шағым жасау. Жақындауға тыйым салу.

9-тақырып. Өтінішхаттар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану

Өтінішхат түсінігі, мазмұны, маңызы, олардың түрлері, мәлімдеу және қарау тәртібі. Қылмыстық процестегі өтінішхаттардың мазмұны. Өтінішхаттардың мақсаттары. Өтінішхаттардың ерекшеліктері.

Өтінішхаттардың маңызы. Өтінішхат мәлімдеу құқығы. Қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхаттарын қараудың міндеттілігі. Өтінішхатты қабылдамау. Өтінішхатты қанағаттандыру шарттары. Өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту.

Шағым түсінігі, оның түрлері, оны беру және қарау тәртібі. Органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау. Ұстап алынған немесе күзетпен ұсталатын адамдардың шағым жолдау тәртібі. Шағымдарды берудің мерзімдері. Шағым берілуіне байланысты шешімнің орындалуын тоқтата тұру. Шағымдарды қараудың жалпы тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың, прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды қарау тәртібі. Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды сотта қарау тәртібі. Тергеу судьясының қаулыларына, санкцияларына шағым жасау, прокурордың өтінішхатын келтіру. Сот үкіміне, қаулыларына шағымдар, прокурордың өтінішхаттары.

10-тақырып. Қылмыстық процестегі мүлдіктік мәселелер

Қылмыстық процесте шешілетін мүлдіктік мәселелердің түсінігі, шарттары және түрлері. Қылмыстық процесте мүлдіктік құқықтық қатынастардың пайда болу шарттары мен себептері.

Қылмыстық процесте азаматтық талаптарды қараудың түсінігі, маңызы және тәртібі. Қылмыстық процестегі азаматтық талап қоюдың пәні және оны мәлімдеудің құқықтық негізі. Азаматтық талапты қылмыстық іспен қатар қараудың маңызы. Моральдық зиянды өтеу. Қылмыстық процесте азаматтық талапты қамтамасыз ету тәсілдері. Жәбірленушілерге өтемақы қоры.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында еңбекке ақы төлеу және шеккен шығыстарды өтеу. Адвокаттың, аудармашының, маманның, сарапшының еңбегіне ақы төлеу. Адамдардың қылмыстық процесті жүргізуші органға келуге кеткен шығындарының сомасы. Адамдардың қылмыстық процесті жүргізуші органның талап етуі бойынша бір сөткеден астам тұрғылықты тұратын жерінен тысқары жерде тұруы қажет болған кездегі шығындар. Жұмыс орнында болмауына орай алынбай қалған жалақы. Адамның қылмыстық процесті жүргізуші органның талап етуі бойынша тергеу немесе басқа да процестік әрекетті жүргізуге қатысуы салдарынан сапасын жоғалтқан немесе жоғалған мүлдікті қалпына келтіру немесе сатып алу.

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі процестік шығындардың ұғымы және мазмұны. Процестік шығындарды өндіріп алу.

11-тақырып. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу

Ақтау. Ақтаудың түсінігі және мазмұны. Ақтаушы негіздер. «Ақтау», «зиянды өтеу» және «азаматтық талап» институттарының ара қатынасы. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды өндіріп алуға құқығы бар адамдар.

Зиян ұғымы және мазмұны. Мүліктік зиянның туындауы. Мүліктік зиянның түрлері. Моральдық зиян. Өзге де зиянның түсінігі және мазмұны.

Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды өтеумен байланысты құқықтық қатынастардың ерекшеліктері. Зиян келтірумен байланысты міндеттемелердің пайда болу шарттары. Мемлекет пен зиян келтірілген тұлға арасында пайда болатын құқықтық қатынастардың жария-құқықтық және жеке-құқықтық белгілері. Мемлекеттің қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы зиянды өтеу міндетінің пайда болу негіздері.

Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды өтеудің процестік тәртібі. Өзіне-өзі жала жабу зиянды өтеуден бас тартудың негізі ретінде. Ақтау зиянды өтеттіру құқығының пайда болу негізі ретінде. Мүліктік зиянды өтеу тәртібі. Моральдық зиянды өтеу ерекшеліктері. Құқықтарды талап қою тәртібімен қалпына келтіру.

12-тақырып. Процестік мерзімдер

Процестік мерзімдер. Процестік мерзімдерді сағаттармен, тәуліктермен, айлармен, жылдармен есептеу. Процестік мерзімдерді сақтау. Мерзімді өткізіп алудың салдары және оны қалпына келтіру тәртібі. Қылмыстық процестегі мерзімдер.

13-тақырып. Процестік құжаттар. Процестік шешімдер

Процестік құжат ұғымы. Процестік құжаттардың рөлі және маңызы. Процестік құжаттарды процестік емес құжаттардан ажырату. Процестік құжаттардың нысаны және мазмұны. Процестік құжаттың құқықтық салдары. Процестік құжаттарды оларды құрастырушы субъектілер бойынша, мазмұны бойынша, процестің сатысы бойынша топтастыру. Қылмыстық процесті жүргізуші орган құрастыратын және қосалқы міндеттерді атқарушы адамдар құрастыратын процестік құжаттар. Процестік шешімді рәсімдейтін процестік құжаттар. Процестік әрекеттердің барысы мен нәтижесін көрсететін процестік құжаттар. Процестік құжаттың негізділігі және уәжділігі. Процестік құжаттың құрылымы. Қылмыстық сот ісін жүргізудің өзге қатысушылары құрастыратын құжаттар.

Процестік шешімдер. Қылмыстық процестегі шешімдердің түсінігі мен мәні. Процестік шешімдерді қабылдау тәртібі. Шешім қабылдау ережелері. Шешімдердің мазмұны мен нысаны.

14-тақырып. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу

Қылмыстық сот ісін жүргізудің қағаздағы және (немесе) электрондық форматтары.

Қылмыстық істерді біріктіру. Қылмыстық істерді біріктіру институтының істің барлық мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидасымен ара қатынасы. Қылмыстық істерді біріктіру туралы процестік шешім. Қылмыстық істерді біріктіру үшін негіздер. Қылмыстық істерді бір іс жүргізуге біріктіруге кедергі болатын шарттар.

Қылмыстық істі бөлектеу. Қылмыстық істі бөлектеу үшін негіздер. Қылмыстық істі бөлектеуге кедергі болатын шарттар. Қылмыстық істі бөлектеу туралы процестік шешім. Қылмыстық істі бөлектеген кезде процестік мерзімдерді есептеу тәртібі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу негіздері. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы процестік шешім. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзуге негіз болған мән-жайлар жойылған кезден бастап, оның үзілген мерзімдерін қайта бастау.

Қылмыстық іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру негіздері. Соттың қылмыстық істі тоқтата тұру туралы процестік шешімі. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар жойылған соң соттың іс жүргізуді қайта бастауы.

Қылмыстық істі тоқтату. Қылмыстық істі тоқтатудың ақтаушы негіздері. Қылмыстық істі тоқтатудың ақтамайтын негіздері. Қылмыстық істі тоқтату туралы процестік шешім.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің толық тоқтатылғаны туралы қаулының күшіне енуі. Үкімнің немесе іс бойынша басқа да түпкілікті шешімнің күшіне енуі.

Құпиялылықты сақтау. Жариялылықты шектеудің міндетті және факультативті негіздері. Қылмыстық процеске қатысушыларды мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге жіберу тәртібі. Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында мәліметтердің құпиялылығын сақтау тәртібі. Тергеу құпиясын сақтау кепілдігі.

15-тақырып. Сот бақылауы. Тергеу судьясының процестік өкілеттіктері

Қылмыстық процестегі сот бақылауының ұғымы және маңызы. Сот бақылауы мен прокурорлық қадағалаудың арақатынасы. Сот билігінің конституциялық мақсатының мазмұны шеңберіндегі сот бақылауы. Сот бақылауы сотқа дейінгі қылмыстық процесте сот төрелігін іске асыру нысаны ретінде.

Тергеу судьясы институтының мәні мен мазмұны. «Тергеу судьясы» мен «сот тергеушісі» институттарының арақатынасы. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында тергеу судьясының құзыретіне кіретін мәселелер. Тергеу судьясының құзыретіне кіретін мәселелерді қараудың процестік тәртібі. Тергеу судьясының айғақтарды сақтауға қоюы.

16-тақырып. Дәлелдемелер теориясының негіздері

Дәлелдемелердің түсінігі және қасиеттері. Дәлелдемелердің мазмұны және нысандары. Дәлелдемелердің қасиеттері. Дәлелдемелердің қатыстылығы, жол берушілігі, анықтығы және жеткіліктілігі. Дәлелдеу субъектілері. Дәлелдеу үдерісіндегі қорғаушының рөлі.

Дәлелдемелердің көздері. Жәбірленушінің, айыпталушының, куәнің айғақтары. Сарапшының қорытындысы және айғақтары. Заттай дәлелдемелер. Процестік әрекеттердің хаттамасы. Құжаттар.

Дәлелдемелерді топтастыру. Тікелей және жанама дәлелдемелер. Айыптаушы және ақтаушы дәлелдемелер. Бастапқы және туынды дәлелдемелер. Жеке және заттай дәлелдемелер. Цифлық дәлелдемелер.

17-тақырып. Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу

Дәлелдеу процесі және оның элементтері. Дәлелдеу процесінің түсінігі және оның мазмұны. Дәлелдеу процесінің элементтері. Дәлелдемелерді жинау және бекіту. Дәлелдемелерді зерттеу. Дәлелдемелерді бағалау. Дәлелдемелерді пайдалану. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар.

Дәлелдеудің пәні мен шектері. «Дәлелденуге жататын мән-жайлар» және «іс бойынша маңызы бар мән-жайлар» ұғымдарының арақатынасы. Дәлелдеудің жалпы пәні. Кәмелекте толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары жөніндегі істер бойынша дәлелдеу пәні. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізу барысындағы дәлелдеу пәні. Дәлелдеу пәні элементтерінің мазмұны. Дәлелдемелерсіз анықталатын мән-жайлар. Преюдиция. Дәлелдеу шектерін белгілеу. Дәлелдемелердің жеткіліктілігі.

18-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізудің жалпы шарттары

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізудің жалпы шарттары: түсінігі, маңызы және жүйесі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің түсінігі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысандары. Алдын ала тергеу. Анықтау. Хаттамалық нысан. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының жүйесі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының қылмыстық процестің қағидаттарымен арақатынасы.

Қылмыстық істердің тергеулігі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу орны. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуді бастау. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы ережелері. Тергеу әрекеттерін жүргізудің шарттары. Тергеу әрекеттерінің процестік нысаны. Тергеу әрекеттерін жүргізудің кепілдігі болып табылатын шаралар. Айыптау хаттамасын жасау және қылмыстық істі прокурорға беру. Прокурордың сотқа дейінгі іс жүргізу барысындағы өкілеттіктері. Алдын ала тергеу мен анықтаудың заңдылығын қадағалау. Прокурордың қылмыстық қудалау міндетін жүзеге асыруы. Қылмыстық істерді тергеп-тексеру және мемлекеттік айыптауды қолдау. Прокурордың тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысуы. Процестік прокурор.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тергеу, тергеу-анықтау топтарының жүргізуі. Тергеу топтарын құру шарттары мен тәртібі. Топ жетекшісінің өкілеттіктері.

19-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелуі. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны тіркеу. Бірінші жедел тергеу

әрекеті. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны немесе баянатты тіркеуді болдырмайтын мән-жайлар.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың себептері. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар. Кінәсін мойындап келу. Масс-медиадағы және онлайн-платформалардағы қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабар. Қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды қабылдау міндеттілігі. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арызды тергеулігі бойынша беру.

20-тақырып. Тергеу әрекеттері

Тергеу әрекеттерінің түсінігі. Тергеу әрекеттерінің жүйесі. Кезек күттірмейтін және одан кейінгі тергеу әрекеттері. Сотқа дейінгі іс жүргізудің басталуына қарай тергеу әрекеттері. Тергеу әрекеттерін топтастыру. Тергеу әрекеттерін жүргізудің құқықтық негіздері. Тергеу әрекеттерін жүргізудің фактілік негіздері. Тергеу әрекеттерінің реттілігі. Тергеу әрекеттерінің хаттамалары.

Жауап алу және беттестіру. Оқиға болған жерді қарап-тексеру. Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру және сақтау. Адамның мәйітін ол табылған жерде қарап-тексеру. Эксгумация. Куәландыру. Тану үшін көрсету. Тінту және алу. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау. Тергеу эксперименті. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың тергеу экспериментінен айырмашылығы.

Сот сараптамасы. Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізудің процестік тәртібі. Сот сараптамасының пәні мен объектісі. Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы. Сараптама жүргізу үшін үлгілерді алу. Үлгілерді алудың мақсаты мен мазмұны. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алу негіздері. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алуға құқығы бар адамдар мен органдар.

Нәрселер мен құжаттарды беру. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға нәрселер мен құжаттарды оларға иелік ететін адамдардың бастамасы бойынша беру. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша нәрселер мен құжаттарды беру.

21-тақырып. Жасырын тергеу әрекеттері

Жасырын тергеу әрекеттерінің түсінігі және түрлері. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу шарттары мен негіздері. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы. Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мерзімдері. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін ұсыну. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу нәтижесінде алынған ақпаратты зерттеу. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижесін бағалау және дәлелдеуде пайдалану. Жасырын тергеу әрекеттерінің хаттамаларына қоса тіркелмеген материалдармен танысу. Адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау. Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу. Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар

туралы ақпаратты жасырын алу. Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу. Пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау. Адамды немесе орынды жасырын байқауға алу. Жасырын бақыланатын жеткізілім және сатып алу.

22-тақырып. Адамды күдікті деп тану және күдіктінің әрекеттерін саралау

Адамды күдікті деп тану туралы жариялау. Күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы. Күдіктінің келу міндеттілігі. Күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жария ету тәртібі. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту немесе толықтыру.

23-тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қайта бастау, күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау, жоғалған қылмыстық істерді қалпына келтіру

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаудың түсінігі және нысандары. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаудың мәні.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны және қылмыстық істің материалдарымен танысу құқығын түсіндіру туралы хабарлау. Жәбірленушіні, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді және олардың өкілдерін іс материалдарымен таныстыру. Күдікті мен оның қорғаушысын істің барлық материалдарымен таныстыру. Қылмыстық істің материалдарымен танысу аяқталған соң мәлімделген өтінішхаттарды қарау және шешу тәртібі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есепті жасау, оның мазмұны, прокурорға жіберу. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есеппен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде прокурор шешетін мәселелер. Прокурордың айыптау актісін жасауы. Айыптау актісінің мазмұны. Прокурордың бұлтартпау шарасы туралы шешімі. Айыптау актісін табыс ету. Қылмыстық істі сотқа жіберу. Айыптау актісін алғаннан кейін қорғаушының әрекеттері. Қорғау актісі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылғаннан кейінгі әрекеттері. Қысқартылған қылмыстық істі зерделеу нәтижелері бойынша прокурордың шешімі. Тоқтатылған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді немесе қылмыстық қудалауды қайта бастау. Күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау. Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру.

24-тақырып. Басты сот талқылауын тағайындау. Соттылық.

Басты сот талқылауын тағайындау сатысының мәні мен мазмұны. Қылмыстық істердің соттылығы.

Соттың келіп түскен қылмыстық іс бойынша әрекеттері. Судья шешетін мәселелер шеңбері. Сот бақылауы және басты сот талқылауына дайындалу міндеттерін жүзеге асыру. Басты сот талқылауын ұйымдастыру мәселелері.

Соттылық ұғымы және оны топтастыру. Аудандық және оған теңестірілген соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Қылмыстық істердің қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың және гарнизондардың әскери соттарының соттылығына жатуы. Облыстық және оған теңестірілген соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Әскери соттың соттылығына жататын істер. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жататын қылмыстық істер. Істі іс жүргізуге қабылдаған соттың қылмыстық істі соттылығы бойынша беруі. Қылмыстық істі соттылығына жататын соттан басқа сотқа беру. Соттылық туралы дауларды шешу. Басты сот талқылауын тағайындау туралы шешім және оның деректемелері.

Алдын ала тыңдауды өткізудің негіздері мен тәртібі. Алдын ала тыңдауды өткізу. Аса ауыр қылмыстар жөніндегі істер бойынша алдын ала тыңдаудың ерекшеліктері. Мәлімделген өтінішхаттар және шағымдар бойынша мәселелерді шешу. Басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру. Азаматтық талап қоюды және мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары. Істі соттылығы бойынша жіберу. Қылмыстық істі тоқтату. Тараптардың іс материалдарымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Құжаттардың көшірмелерін табыс ету. Сот отырысына шақыртулар.

25-тақырып. Басты сот талқылауының жалпы шарттары

Басты сот талқылауы қылмыстық процестің орталық сатысы ретінде. Соттың әділ сот талқылауына және қылмыстық процестің міндеттерін шешуге бағытталған қызметі. Басты сот талқылауының жалпы шарттары жүйесі. Басты сот талқылауының жалпы шарттарының қылмыстық процесс қағидаттарымен арақатынасы. Басты сот талқылауының кезеңдері.

Сот талқылауының тікелей және ауызша болуы. Істі талқылау кезінде сот құрамының өзгермеуі. Сот құрамының өзгермеуі қылмыстық істің мән-жайларын зерттеудің тікелей жүргізілуін қамтамасыз етудің міндетті шарты ретінде. Запастағы судья, оның құқықтары мен міндеттері. Запастағы судьяға қарсылық білдіру.

Басты сот талқылауында төрағалық етушінің жетекшілігі және сот отырысында тәртіп сақтау. Төрағалық етушінің істің әділ және бейтарап қаралуын қамтамасыз етуі. Сотты құрметтеу, төрағалық етушінің қаулылары мен өкімдеріне сөзсіз бағыну. Сот приставтары. Төрағалық етушінің тәртіп бұзуға жол берілмейтіндігі және оның өкімдеріне бағынбаудың салдары жөнінде ескертуі. Сот отырысы залынан шығару және әкімшілік жаза қолдану.

Басты сот талқылауына сотталушының және оның заңды өкілінің қатысуы. Қорғаушының басты сот талқылауына қатысуы. Мемлекеттік айыптаушының басты сот талқылауына қатысуы. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің,

азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің басты сот талқылауына қатысуы.

Басты сот талқылауының хаттамасы, оның нысаны, құрылымы, мазмұны, құрастыру тілі мен мерзімдері. Басты сот талқылауының хаттамасына ескертулер. Басты сот талқылауын аудио-, бейнетүсіру құралдарымен түсіріп алу. Басты сот талқылауының аудио-, бейнежазбасына және қысқаша хаттамасына ескертулер. Соттың басты сот талқылауының хаттамасына ескертулерді қарауы.

Басты сот талқылауының шектері. Сотталушы және айыптау шектері. Шектер көздеу нашарлату жағына қарай бет бұрысқа жол бермеудің және сотталушының қорғану құқығын қамтамасыз етудің кепілдігі ретінде. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бастапқыда тағылған айыптан елеулі түрде ерекшеленетін жаңа фактілік мән-жайлары.

Басты сот талқылауын кейінге қалдыру және қылмыстық істі тоқтата тұру. Қылмыстық істі кейінге қалдыру және тоқтата тұру негіздері.

Басты сот талқылауында істі тоқтату. Қылмыстық істі тоқтату үшін негіздер. Ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату шарттары.

Басты сот талқылауында қаулылар шығару тәртібі. Қаулылар шығару тәсілдері. Кеңесу бөлмесінде шығарылатын қаулылар. Кеңесу бөлмесіне кетпей шығарылатын қаулылар. Жекеше қаулыларды шығару ерекшелігі.

Бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешу. Сотталушыға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау, күшін жою немесе өзгерту. Іс сотқа келіп түскен күннен бастап үкім шығарылғанға дейін сотталушыны бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау мерзімі.

26-тақырып. Басты сот талқылауы

Басты сот талқылауының құрылымы. Дайындық бөлімі. Сот тергеуі. Сот жарыссөзі. Сотталушының соңғы сөзі. Соттың үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетуі. Соттың сот отырысы залына қайтып келуі және үкімді жариялау.

Басты сот талқылауының дайындық бөлімі. Аудармашыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, оған қарсылық білдіру туралы мәселені шешу. Сотталушының жеке басын және оған айыптау актісінің уақтылы тапсырылғанын анықтау. Сот құрамын және процестің өзге қатысушыларын жариялау, сотқа және процестің өзге қатысушыларына қарсылық білдіруді шешу. Сотталушыға олардың құқықтарын түсіндіру. Жәбірленушіге, жекеше айыптаушыға, азаматтық талапкерге және азаматтық жауапкерге олардың құқықтарын түсіндіру. Сарапшыға, маманға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Тараптардың өтінішхаттарын мәлімдеу және шешу. Іске қатысушы адамдардың қайсыбірі болмаған жағдайда істі қарау мүмкіндігі туралы мәселені шешу.

Сот тергеуі. Сот тергеуінің басталуы. Сотталушының ұстанымын анықтау. Дәлелдемелерді ұсыну мен зерттеу тәртібі. Басты сот талқылауына қатысушы адамдардан жауап алу. Сотталушыдан жауап алу. Сотталушының айғақтарын жария ету. Жәбірленушіден, куәлардан жауап алу. Жәбірленуші мен куәның

айғақтарын жария ету. Сот талқылауындағы сараптама. Сарапшыдан жауап алу. Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру. Тергеу әрекеттерінің хаттамалары мен құжаттарды жариялау. Жергілікті жерді және үй-жайларды қарап-тексеру. Тану үшін көрсету, куәландыру, айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу. Дәлелдемелерді зерттеуді шектеу. Сот тергеуінің аяқталуы.

Істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы. Істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануының ерекшеліктері.

Сот жарыссөзі және сотталушының соңғы сөзі. Сот жарыссөзінің мазмұны мен тәртібі. Сотталушының соңғы сөзі.

Үкім шығару. Сот үкімі. Үкімдердің түрлері. Үкімді жасау тәртібі. Айыптау және ақтау үкімдерінің құрылымы мен мазмұны. Үкімді жариялау. Соттың үкімді жариялағаннан кейінгі әрекеттері. Жекеше қаулы. Соттың үкім шығарумен бір мезгілде шешетін мәселелері.

27-тақырып. Заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық шағым жасау, оларды прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарау

Заңды күшіне енбеген сот үкімдері мен қаулыларын қайта қарау сатысының мәні мен міндеттері. Апелляциялық іс жүргізу еркін шағымдану құқығын жүзеге асырудың процестік нысаны ретінде. Апелляциялық іс жүргізудің міндеттері.

Үкімдерге, қаулыларға апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру құқығы. Апелляциялық тәртіппен қаралуға жататын сот актілері. Заңды күшіне енбеген үкімдерге, қаулыларға апелляциялық (жекеше) шағымдарды, прокурордың өтінішхаттарын қарайтын соттар.

Апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру тәртібі. Апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру мерзімдері. Апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру мерзімін қалпына келтіру тәртібі. Апелляциялық (жекеше) шағым беру, прокурордың өтінішхатын келтіру туралы хабарлама. Апелляциялық (жекеше) шағым берудің, прокурордың өтінішхатын келтірудің салдары

Бірінші сатыдағы соттың қаулысына шағым жасау, оны прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарау. Апелляциялық (жекеше) шағым, прокурордың өтінішхаты.

Апелляциялық шағымдар, прокурордың өтінішхаттары бойынша істерді қарау. Апелляциялық қараудың нысанасы. Істі апелляциялық сатыда қарау мерзімдері. Істі апелляциялық сатыда қараудың шектері. Апелляциялық сатыдағы сот отырысын дайындау және тағайындау. Істі апелляциялық сатыда қарау тәртібі. Апелляциялық сатының өкілеттіктері.

Апелляциялық саты қабылдайтын шешімдер. Үкімнің күшін жою немесе оны өзгерту негіздері. Істі тоқтата отырып айыптау үкімінің күшін жою. Ақтау үкімінің күшін жою. Жана үкім шығара отырып, үкімнің күшін жою. Үкімді өзгерту. Апелляциялық үкімнің, қаулының мазмұны. Апелляциялық үкім,

қаулы шығару және олардың заңды күшіне енуі. Апелляциялық сатыдағы соттың үкімін, қаулысын орындауға енгізу.

28-тақырып. Сот шешімдерін орындау

Соттың шешімдерін орындаудың маңызы және оларды топтастыру. Сот шешімдерін орындау – тиімді қылмыстық сот ісін жүргізудің ажырамас элементі.

Қылмыстық істі мәні бойынша шешетін түбегейлі сот шешімдерін орындау. Процедуралық сипаттағы сот шешімдерін орындау. Түбегейлі сипатта емес, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуді көздейтін сот шешімдерін орындау.

Қылмыстық қудалау органдарының (олардың ішінде, прокурордың) шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) келтірілген шағымдарды қарау нәтижелері бойынша шығарылған сот шешімдерін орындау. Заңсыз деп танылған процестік шешімнің күшін жою. Прокурорға азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін жол берілген бұзуды жою міндетін жүктеу. Шағымды қанағаттандырусыз қалдыру.

Үкімді орындаумен байланысты мәселелер бойынша сот шешімдерін орындау. Үкімді орындау кезінде туындаған қандай да болсын күмән мен түсініксіздікті ұғындыру. Сотталған адамның қайтыс болуына байланысты іс жүргізуді қысқарту. Сотталғандықты алу.

29-тақырып. Қылмыстық істер бойынша кассациялық сот. Сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау

Сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қараудың мәні және маңызы. Кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін сот актілері. Заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын кассациялық тәртіппен қайта қарау негіздері.

Заңды күшіне енген сот актілеріне өтінішхат беруге, наразылық келтіруге құқығы бар адамдар. Заңды күшіне енген сот актілеріне кассациялық тәртіппен шағым жасау мерзімдері. Заңды күшіне енген сот үкімін, қаулысын қайта қарау туралы өтінішхат, наразылық беру тәртібі. Өтінішхаттарды, наразылықты қарамай қайтару.

Кассациялық сатыдағы сот отырысын тағайындау. Сот үкімінің, қаулысының орындалуын тоқтата тұру. Істі кассациялық сатыда қараудың тәртібі, кассациялық сатыдағы соттың шешімдері. Қорғаушының кассациялық сатыдағы сотқа міндетті түрде қатысуының негіздері. Кассациялық сатыдағы сот қаулысының мазмұны.

Істі соттың үкімі мен қаулысының күші жойылғаннан кейін қарау. Істі жаңадан қарау кезінде шығарған сот үкімін және қаулысын қайта қарау туралы өтінішхат, наразылық келтіру.

Сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қайта қарау. Заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қайта қарауының негіздері. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты судьясының ұсынуын енгізу. Заңды күшіне енген сот актісінің орындалуын тоқтата тұру. Заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының

Жоғарғы Сотында қайта қарау тәртібі.

30-тақырып. Іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау

Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың түсінігі, мәні және міндеттері. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау қылмыстық процестің дербес сатысы ретінде. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың сот үкімдерінің заңдылығы мен негізділігінің кепілдіктері жүйесіндегі орны. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың мақсаттары мен міндеттері. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау – заңды күшіне енген сот шешімін қайта қараудың айрықша құқыққорғаушылық нысаны.

Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың негіздері. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауға жататын қылмыстық істер бойынша сот шешімдері. Іс жүргізуді қайта бастау мерзімдері.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қозғау тәртібі. Прокурордың тексеру немесе тергеп-тексеру аяқталғаннан кейінгі әрекеттері. Соттың іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау туралы өтінішхаттарды қарау тәртібі.

Сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішхатты қарау қорытындысы бойынша шығарылған соттың қаулысы. Прокурордың сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішхатын қарау қорытындысы бойынша шығарылған сот қаулысы. Сот қаулысын қайта қарау және сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс жүргізу. Істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау кезіндегі азаматтық талап қою.

31-тақырып. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің хаттамалық нысаны. Хаттама жасау тәртібі. Хаттаманы сотқа жіберу тәртібі. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істі сотта қараудың тәртібі мен мерзімдері.

32-тақырып. Үкім шығарылғанға дейін тәркілеу жүргізу

Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы іс жүргізуді жүзеге асыру тәртібі.

Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы іс жүргізуді қозғау. Тәркілеу туралы сотқа дейінгі іс жүргізу. Соттың тәркілеу туралы өтінішхатты қарауы. Тәркілеу туралы іс жүргізуде соттың кеңесу бөлмесінде шешетін мәселелері. Тәркілеу туралы іс жүргізудегі сот шешімі. Тәркілеу туралы қаулыға шағым жасау, оны прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарау.

33-тақырып. Жекеше айыптау істері бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері

Жекеше айыптау істері бойынша іс жүргізу тәртібі. Жекеше айыптауды қозғау. Судьяның жекеше айыптау ісі бойынша сот талқылауы басталғанға дейінгі әрекеттері. Тараптардың бастамасы бойынша дәлелдемелерді ұсыну және жинау. Жекеше айыптау ісін сот отырысында қарау. Жекеше айыптау ісі бойынша соттың шешімі. Жекеше айыптау ісі бойынша істі тоқтату.

34-тақырып. Есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану ұғымы және негіздері. Қоғамдық қауіпті әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған адамдар. Есі дұрыс жағдайда қылмыс жасаған, бірақ алдын ала тергеу барысында қылмыстық жаза қолдану мүмкіндігінен айыратын психикалық ауруға шалдыққан адамдар. Сот-психиатриялық сараптама.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктері. Есі дұрыс емес жағдайда қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөнінде арнайы шаралар қолдану. Қорғаушы мен заңды өкілдің қатысуы. Бұлтартпау шаралары. Қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлектеу. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін істі сотқа жіберу туралы қаулы. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату.

Тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктері. Есі дұрыс емес адамның тергеу әрекеттеріне қатысу қабілетін анықтау. Тұлғаның психикалық саулығына күмән келтіру. Сот-психиатриялық сараптаманы тағайындау. Сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысы.

Сотта іс жүргізу. Сот психиатриясы саласындағы сарапшылардың арнайы білімдерінің көмегімен дәлелдемелермен расталған фактілік мән-жайлар негізінде соттың адамның психикалық жағдайын анықтауы. Адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану, ұзарту, өзгерту немесе қолдануды тоқтату үшін негіздердің болуы туралы мәселені зерттеу. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Сот шешіміне шағымдану және наразылық білдіру мүмкіндігі. Адамның сауығыуы.

35-тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері. Алдын ала тергеудің міндеттілігі. Дәлелденуі тиіс қосымша мән-жайлар. Қылмыстық сот ісін жүргізуге кәмелетке толмағанның заңды өкілдерінің және қорғаушының міндетті түрде қатысуы. Кәмелетке толмаған күдіктіні (айыпталушыны) жауап алуға шақырудың ерекше тәртібі. Бас бостандығынан айырумен байланысты мәжбүрлеу шараларын қолдану. Сотқа дейінгі іс жүргізуде күзетпен ұстаудың ең ұзақ мерзімі. Жауап алу уақытына қатысты шектеулер. Кәмелетке толмаған айыпталушының (күдіктінің) қатысуымен

процестік іс-әрекеттер жүргізгенде педагог пен психологтың қатысуы. Кешенді психологиялық-психиатриялық сараптама жүргізудің міндеттілігі. Тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып жазадан босату.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша алдын ала тергеуді жүргізу. Кәмелет жасына толу уақыты. Кәмелетке толмағанның дәл жасын анықтау жөніндегі сот-медициналық сараптама. Кәмелетке толмағанның денсаулық жағдайы және психикалық даму деңгейі. Кәмелетке толмағанның психикасының бұзылуымен байланысты емес ақылы жағынан артта қалуы. Кәмелетке толмағанның өмірі мен тәрбие жағдайларын зерттеу. Кәмелетке толмаған туралы істі бөлектеу. Кәмелетке толмағанды қадағалауға беру. Ұстап алу және күзетпен ұстау. Қорғаушы және заңды өкіл. Жауап алу. Кәмелетке толмағанға алдын ала тергеудің аяқталғаны туралы хабарлау және оған іс материалдарын танысу үшін ұсыну.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша сотта іс жүргізу. Жеке басына және жасына байланысты ерекшеліктер. Сот отырысы залында кәмелетке толмаған сотталушыға жағымсыз ықпалға жол бермеудің шарттары. Сот залында ата-анасының қоғамға жат мінез-құлқы, азғындатушы іс-әрекеттері, қатыгездігі және т.б. туралы дәлелдемелерді зерттеу. Сот талқылауын жабық сот отырысында өткізу туралы мәселе. Кәмелетке толмаған сотталушыны оған теріс әсер етуі мүмкін мән-жайларды зерттеу уақытында сот отырысының залынан шығару.

36-тақырып. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері

Қылмыстық-процестік құқықтағы артықшылықтар мен иммунитеттің мәні мен мазмұны. Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру. «Артықшылық» және «иммунитет» ұғымдарының ара қатынасы. Мемлекетте ерекше мәртебеге ие адамдардың иммунитеті. Дипломатиялық иммунитет.

Қылмыстық қудалаудан иммунитеті бар субъектілер. ҚР Парламентінің депутаттары. ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы мен мүшелері. ҚР судьялары. ҚР Бас Прокуроры. Дипломатиялық тұлғалар. Иммунитетке ие болудың басталуы. Иммунитетті пайдалану (қолдану). Иммунитет иелігінің аяқталуы.

Қылмыстық қудалаудан иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері. Қылмыстық қудалауды бастау. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысаны. Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттері. Күштеп әкелу және күзетпен ұстау. Қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру. Тергеу әрекеттерін санкциялау. Қылмыстық істі тоқтата тұру.

37-тақырып. Қылмыстық істерді келісімдік іс жүргізуде қарау

Ұлттық құқықтағы қылмыстық қудалау баламаларының түсінігі және топтастырылуы. Медиация ұлттық құқықтағы қылмыстық қудалаудың баламасы ретінде. Процестік келісім. Келісімдік іс жүргізу.

Процестік келісім, оны жасасудың ерекше тәртібі. Процестік келісім жасалған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасуға арналған шарттар. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімді жасасудың салдарлары. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты қарау тәртібі. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу тәртібі. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасқаннан кейін қылмыстық іс бойынша прокурордың, тергеушінің, анықтаушының әрекеттері. Ынтымақтастық туралы процестік келісім. Ынтымақтастық туралы процестік келісімді жасасу тәртібі. Ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіту тәртібі. Ынтымақтастық туралы процестік келісімнің шарттарын орындау бойынша прокурордың әрекеттері.

Қылмыстық істерді сотта келісімдік іс жүргізуде қарау. Келісімдік іс жүргізуді қолдану үшін негіздер. Сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында жасалған, кінәні мойындау туралы процестік келісіммен бірге келіп түскен іс бойынша судьяның әрекеттері. Істі келісімдік іс жүргізуде қарау кезінде сот отырысына қатысатын адамдар. Келісімдік іс жүргізудегі сот талқылауының тәртібі мен мерзімдері. Соттың келісімдік іс жүргізудегі шешімдері. Келісімдік іс жүргізуде қаралған іс бойынша айыптау үкімінің құрылымы және мазмұны. Басты сот талқылауы барысында келісімдік іс жүргізуді қозғау. Сотта жасалатын процестік келісімнің құрылымы мен мазмұны.

38-тақырып. Бұйрықтық іс жүргізу

Бұйрықтық іс жүргізуді іске асыру мәселелері. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану негіздері. Бұйрықтық іс жүргізудегі сот талқылауының тәртібі мен мерзімі. Бұйрықтық іс жүргізудегі сот талқылауының практикасы. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған айыптау үкімінің құрылымы мен мазмұны.

39-тақырып. Алқабилердің қатысуымен істер бойынша іс жүргізу

Алқабилер қатысатын істер бойынша іс жүргізудің жалпы сипаттамасы. Тараптардың жарыспалылығы қағидаты және алқабилердің қатысуымен іс жүргізу. Алқабидің тәуелсіздігі. Істердің алқабилер қатысатын сотқа соттылығы. Алқабилер қатысатын соттың соттылығына жататын істердің санатын кеңейту үрдісі. Алқабилер қатысатын сот құрамы. Соттың істі алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхат. Алқабилер қатысатын сот қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері. Алқабилер қатысатын соттың істі талқылау ерекшеліктері. Алқабилер қатысатын соттың құзыреті. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын сұрақтардың мазмұны. Алқабилер қатысатын сот қабылдайтын шешімдердің түрлері.

Сот отырысын тағайындау ерекшеліктері. Алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша заңды күшіне енген үкімдерді, қаулыларды қайта қарау жөніндегі іс жүргізу ерекшеліктері. Алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша заңды күшіне енген үкімдерді, қаулыларды қайта қарау жөніндегі іс жүргізу ерекшеліктері.

40-тақырып. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Құқықтық көмек көрсету тәртібімен жүргізілетін процестік және өзге де әрекеттер. Өзара түсіністік қағидаты негізінде құқықтық немесе өзге де көмек көрсету.

Құқықтық көмек. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салудың (тапсырманың, өтінішхаттың) мазмұны мен нысаны. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) қарау. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) қарау нәтижелері туралы хабар. Құпиялық. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) орындаудан бас тарту. Құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау тәртібі.

Адамды ұстап беру (экстрадициялау). Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуды жіберу. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы құжаттарды дайындау және сұрау салуларды жіберу тәртібі. Уақытша ұстап беру (экстрадициялау). Ұстап берілген адамның қылмыстық жауаптылығының шегі. Ұстап берілген адамға қатысты қылмыстық іс жүргізу нәтижелері туралы ақпарат беру.

Шет мемлекеттер соттарының үкімдері мен қаулыларын тану және орындау. Шет мемлекеттер соттарының Қазақстан Республикасында танылатын үкімдері мен қаулылары.

Ұсыналатын әдебиеттер:

Нормативтік әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2026 жылғы 15 наурызда қабылданған <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>
2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132>
3. «Прокуратура туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы ҚР Конституциялық заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155>
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданған <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
5. «Алқабилер туралы» 2006 жылғы 16 қаңтардағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000121>
6. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000072>
7. «Сот-сараптама қызметі туралы» 2017 жылғы 10 ақпандағы ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000044>
8. «Жедел-іздістіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z940004000>
9. «Сот приставтары туралы» 1997 жылғы 7 шілдедегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000150>

10. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі ҚР Заңы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000176>

11. «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы ҚР Заңы http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000353_

12. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>

13. «Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР Бас прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы № 2 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016268>

14. «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V14W0009744>

15. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 16 мамырдағы № 13-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 489-бабы бірінші бөлігі 6) тармағының, 490-бабы бірінші бөлігі 2) тармағының, екінші бөлігінің және 491-бабы бесінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000013>

16. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 14 шілдедегі № 23-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 127-бабы екінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000023>

17. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 29-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 482-бабының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000029>

18. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 20 шілдедегі № 24-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 80-бабы екінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000024>

19. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 22 мамырдағы № 15-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 217-бабы үшінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000015>

20. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 4

мамырдағы № 43-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 64-бабы тоғызыншы бөлігі 17) тармағының және 70-бабы екінші бөлігі 5) тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000043>

21. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 9 қазандағы № 53-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 94-бабы бірінші бөлігі 3) тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000053>

22. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 29 қаңтардағы № 63-НҚ нормативтік қаулысы «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 645-бабы төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2500000063>

23. «Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын соттың қорғауы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 4 Нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P10000004S_

24. «Алқабилердің қатысуымен қылмыстық істер бойынша іс жүргізуді реттейтін заңнаманы соттардың қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 23 тамыздағы № 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/T1200000004>

25. «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000004S>

26. «Қылмыстық істерді апелляциялық тәртіппен қарау тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000013S_

27. «Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P200000001S>

28. «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 5 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P200000005S>

29. «Сот үкімі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P180000004S>

30. «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/P06000004S_

31. «Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P05000001S>

32. «Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-

зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000007S_

33. «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P120000003S>

34. «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы № 16 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/P04000016S_

35. «Қылмыстық істерді бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 17 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P180000017S>

36. «Жекеше айыптау істері бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/P06000013S_

37. «Соттардың қылмыстық істерді қысқартылған тәртіппен қарауы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы № 17 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/P04000017S_

38. «Соттардың қылмыстық істер бойынша жекеше қаулылар шығару тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000011S_

39. «Қылмыстық істерді кассациялық тәртіппен қарауды регламенттейтін заңнаманы қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 10 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000002S>

40. «Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық процестік заңнаманы қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 26 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/P02000026S_

41. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/P99000008S_

42. «Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 нормативтік қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/P99000007S_

43. «Сот төрелігіне қол жеткізу құқығы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот актілерін қайта қарау бойынша өкілеттіктері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 1 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000001S>

44. «Қылмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленген адамдардың құқықтары мен міндеттерін регламенттейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 24 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P920000002S_

45. «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялылығы принципін соттардың сақтауы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 25 нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000025S_

46. «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 10 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000010S>

47. «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000013S>

48. «Қылмыстық істер жөніндегі сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қараудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 9 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000009S>

49. «Қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 10 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000010S>

50. «Соттардың салық заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 10 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P220000009S>

Оқу әдебиеті:

1. Асанов Ж.К., Жукенов А.Т., Кенжегарин А.К., Стыбаев А.С., Матаев Ж.С. Рекомендации по составлению приговоров по уголовным делам в новом формате и их разъяснению: Практическое пособие. - Нур-Султан. 2020. – 175 с.

2. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан 2014 года. - Алматы: Жеті Жарғы, 2020. В 2-х т. Том 1 - 752 с.; Том 2 - 1016 с. (Издание третье).

3. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Движение уголовного дела. /Под ред. М.Ч. Когамова и А.А. Касимова. – Алматы: Жеті Жарғы, 2013. – 1016 с.

4. Ахпанов А.Н., Амиргалиев А.А. Функции судебного контроля над досудебным уголовным производством в Республике Казахстан: Монография.- Караганда, 2016. – 166 с.

5. Защита прав и интересов в цифровой среде уголовного судопроизводства. Монография под ред. С.В. Зуева, О.В. Мичуриной. Москва. Изд-во – «Юрлитинформ», 2025.- 328 с.

6. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции: Учебное пособие / Н. А. Абдиканов, А. В. Зенковский. - Алматы: Норма-К, 2012. - 128 с.

7. Сарсенбаев Т.Е. Защита беспомощных жертв преступления в Республике Казахстан: Монография. - Алматы, 2024.- 324 с.

8. Толубекова Б.Х. Қазақстан Республикасындағы қылмыстық процесс: Ерекше бөлім: Оқу-әдістемелік құралы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ,

2015. - 186 б.

9. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан: курс лекций: учебно-методическое пособие. - Алматы: Жеті Жарғы, 2016. - 384 с. (на русском и казахском языках).

10. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции: Учебное пособие / Н.А. Абдиканов, А.В. Зенковский. - Алматы: Норма-К, 2012. - 128 с.

11. Уголовный процесс: Учебник. / А.В.Смирнов, К.Б.Калиновский; под общ. ред. А.В.Смирнова. Вступит. статья В.Д. Зорькина. 8-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2020. 784 с.

12. Егорова Е.В. Доказательства и доказывание в судебной практике по уголовным делам: Практическое пособие /Е.В. Егорова, Д.А. Бурыка. - 3-е изд. - Москва: Издательство Юрайт, 2020. - 315 с. <https://urait.ru/bcode/454552>

5-БӨЛІМ. ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ

Мазмұны

1-тақырып. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың түсінігі, пәні, әдістері.

2-тақырып. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың нормалары және әкімшілік-құқықтық қатынастар.

3-тақырып. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың қайнар көздері.

4-тақырып. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың субъектілері.

5-тақырып. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет.

6-тақырып. Әкімшілік әділет жария-құқықтық институт ретінде.

7-тақырып. Мемлекеттік басқаруды іске асырудың (атқарушы билікті жүзеге асырудың) әкімшілік-құқықтық нысандары.

8-тақырып. Экономикалық, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси салалардағы әкімшілік-құқықтық реттеу.

9-тақырып. Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-процестік қызмет.

10-тақырып. Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу қағидаттары.

11-тақырып. Мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдері.

12-тақырып. Әкімшілік рәсімдер әкімшілік органдардың құзыретін іске асыру нысаны ретінде.

13-тақырып. Әкімшілік сот ісін жүргізу.

14-тақырып. Әкімшілік істер бойынша іс жүргізудің жекелеген түрлерінің ерекшеліктері.

15-тақырып. Сот актілерін қайта қарау бойынша іс жүргізу.

16-тақырып. Сот актілерін орындау, сот бақылауы және әкімшілік сот ісін жүргізудің өзге де мәселелері.

1-тақырып. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың түсінігі, пәні, әдістері

Әкімшілік рәсімдік-процестік құқық – құқық саласы ретінде. Әкімшілік құқықтың түсінігі және пәні. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың функциялары мен қағидаттары. Мемлекеттік басқару түсінігі, ерекшеліктері. Атқарушы билік пен мемлекеттік басқарудың өзара байланысы мен арақатынасы. Әкімшілік-құқықтық әдістердің түсінігі және түрлері. Әкімшілік-құқықтық реттеу түсінігі және механизмі. Әкімшілік құқықтың жүйесі. Әкімшілік құқықтың жалпы және ерекше бөліктерінің құқықтық институттары. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқық ғылым және оқу пәні ретінде. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың орны. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың конституциялық, азаматтық және қылмыстық құқықпен арақатынасы және айырмашылықтары.

2-тақырып. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың нормалары және әкімшілік-құқықтық қатынастар

Әкімшілік-құқықтық нормалардың түсінігі мен ерекшеліктері. Әкімшілік құқық (әкімшілік рәсімдік-процестік құқық) нормаларының түрлері және

оларды іске асыру. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқық нормаларының сабақтас салалар нормаларымен арақатынасы. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түсінігі, ерекшеліктері және түрлері. Әкімшілік құқықтық қатынастардың объектісі мен субъектілері. Әкімшілік құқықтық қатынастардың мазмұны. Әкімшілік құқықтағы заңды фактілер. Әкімшілік құқықтық қатынастардың жіктелуі. Әкімшілік құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері.

3-тақырып. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың қайнар көздері

Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың (әкімшілік құқықтың) қайнар көздері: түсінігі және түрлері. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың қайнар көздерін жіктеу мәселелері. Әкімшілік заңнама ұғымы, оның жүйесі мен міндеттері. Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы және әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасы: жүйесі, ерекшеліктері.

4-тақырып. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың субъектілері

Әкімшілік құқық субъектілігінің түсінігі және ерекшеліктері. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқық (әкімшілік құқық) субъектілерінің түрлері мен жалпы сипаттамасы. Әкімшілік органның түсінігі. Атқарушы органдар әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде: құзыреттілік, ажырату мәселелері. Мемлекеттік қызметшінің құқықтық мәртебесі: жауапкершілік мәселелері. Қазақстан Республикасының азаматтары әкімшілік құқық субъектісі ретінде, олардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен міндеттерін іске асыру. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі құралдары. Сотқа дейінгі және сотқа шағымдану құқығы. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері.

5-тақырып. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет

Мемлекеттік қызмет түсінігі, қағидаттары. Мемлекеттік қызметтің мансаптық моделі: ерекшеліктері, құқықтық бекітілуі. Мемлекеттік қызмет түрлері. Мемлекеттік қызметшілердің түсінігі және құқықтық мәртебесі. Мемлекеттік қызметке кіру. Мемлекеттік қызметті өткеру. Мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер. Мемлекеттік қызметшілерді жіктеу: мемлекеттік саяси қызметшілер, «А» және «Б» корпустарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері. Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімі. Мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі.

6-тақырып. Әкімшілік әділет жария-құқықтық институт ретінде

Әкімшілік әділет: түсінігі, ерекшеліктері. Әкімшілік әділет мемлекеттік басқару аясындағы заңдылықты қамтамасыз ету тәсілі ретінде. Жария-құқықтық қатынастардан туындайтын даулардың сипаттамасы. Әкімшілік талап қоюдың түсінігі, маңызы және оны азаматтық талап қоюдан ажырататын ерекшеліктері.

7-тақырып. Мемлекеттік басқаруды (атқарушы билікті жүзеге

асыруды) іске асырудың әкімшілік-құқықтық нысандары

Мемлекеттік басқару мақсатының, функцияларының, міндеттерінің түсінігі. Әкімшілік-жария салада атқарушы билікті жүзеге асырудың құқықтық және ұйымдастырушылық нысандары. Мемлекеттік басқарудың құқықтық нысандары: түсінігі, белгілері және түрлері. Мемлекеттік басқарудың құқықтық емес нысандары: түсінігі, ерекшеліктері мен түрлері. Нормативтік және нормативтік емес құқықтық актілер: ерекшеліктері, заңдық маңызы. Нормативтік құқықтық актілердің негізгі және туынды түрлері. Нормативтік емес құқықтық актілер ұғымы және түрлері. Әкімшілік акт нормативтік емес құқықтық актінің түрі ретінде.

8-тақырып. Экономикалық, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси салалардағы әкімшілік-құқықтық реттеу

Экономикалық саладағы әкімшілік-құқықтық реттеу. Экономиканы басқарудағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің рөлі. Әлеуметтік-мәдени саладағы әкімшілік-құқықтық реттеу. Қазақстан Республикасы Үкіметінің әлеуметтік-мәдени саланы басқарудағы рөлі. Әкімшілік-саяси саладағы мемлекеттік-құқықтық реттеу. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы функциялары.

9-тақырып. Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-процестік қызмет

Әкімшілік процесс құқықтық процестің бір түрі ретінде: кең және тар түсінік. Әкімшілік-нормашығармашылық процесс: теория және практика мәселелері. Әкімшілік-құқықберушілік процесс әкімшілік процестің бір түрі ретінде. Әкімшілік процестің түрі ретінде бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет: құқықтық реттеу мәселелері.

10-тақырып. Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттары

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттары және олардың маңызы.

Әкімшілік органдар мен сот қызметінің жалпы қағидаттары: ерекшеліктері мен түрлері.

Мөлшерлестік, әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері, құқықтар басымдығы, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу, анықтық презумпциясы әкімшілік рәсімдердің қағидаттары ретінде.

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігі әкімшілік рәсімдердің маңызды қағидаты ретінде.

